




**КӨЛІК
ЖҮРГІЗУШІГЕ ДЕ,
ЖАЯУ
ЖОЛАУШЫҒА ДА
ТӘРТІП ОРТАҚ**

6-бет



**МОЛАДАҒЫ
МАНЕЖ**

8-бет

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№74 (3605) 3 қазан 2023



газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАНКТЕР БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУҒА ҚҰЛЫҚСЫЗ



Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиев II деңгейлі банктердің ел экономикасының дамуына белсене араласпауын сынға алды. Спикер сөзінше, 56%-дық көрсеткішке дейін кредит беру рұқсатының арқасында, банктер тәуекелі жоғары шағын және орта бизнестен (ШОБ) гөрі, жеке тұлғаларды несиелендіруді дұрыс санайды.

(Соңы 3-бетте)

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Ел дамуының берік негізі заңдардың сапасымен айқындалады. Бұл орайда қоғамдық қатынастарды реттеп, қоғамда туындаған әлеуметтік-экономикалық мәселелерді дер кезінде тиімді шешіп, болашаққа тұғыр болар құжаттарды дер кезінде талапқа сай сараптамадан өткізудің маңызы зор. Бүгінде осы шараның белгілі деңгейде жүріп жатқаны байқалады.

Мәселен, биыл Әділет министрлігі жүргізетін заң сараптамасына мемлекеттік органдар әзірлеген 55 (2022 ж. - 46) заң жобасы келіп түсіп, олардың жартысы қайта пысықтауға қайтарылыпты. Мұндай шаралар Үкіметтің әртүрлі жағдайларға жедел әрекет етуіне ықпал етіп, қабылданған шешімдер үшін нақты бір мемлекеттік органның жауапкершілігін арттыруды қамтамасыз ететіні сөзсіз. Бұл жөнінде Әділет қызметкерлерінің төл мерекесіне орай өткізілген брифингте белгілі болды. Онда баяндама жасаған Әділет министрі Азамат Есқараевтың айтуынша, әділет органдарының жұмысында оң нәтиже көп. Олардың дені Үкіметтің заңнамалық бастамаларына сәйкес мемлекеттік органдардың заң жобалау жұмысын үйлестіруден көрініс табуда.

Биылғы жылы 28 заң жобасын әзірлеу көзделген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 27 пайызға артық. Қазіргі таңда 17 заң жобасы Парламент Мәжілісінде қаралуда, тағы екеуі айдың соңына дейін енгізіледі. Одан бөлек 3 заң жобасы мемлекеттік органдарда және 6 заң жобасы Президент Әкімшілігі мен Үкімет қарауында жатыр. Әділет министрлігі Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру, Әкімшілік әділет саласын жетілдіру мен кеңейту мәселелері және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс бойынша 3 заң жобасын әзірлепті.

Депутаттық корпус статистика, байланыс, цифрландыру, орман шаруашылығы, селекциялық жетістіктер және тұқым шаруашылығы, ұлттық қордан балаларға төлем төлеу, онлайн жарнама, кәсіподақтар, заңсыз шығарылған активтерді елге қайтару, білім, күзет қызметі, ғылым және технологиялық саясат, сондай-ақ әкімшілік құқықбұзушылық туралы және салықтық төлемдер сияқты 33 заң жобасына бастамашылық жасады. Бұл былтырғыдан 20 заңға артық. Бүгінгі таңда аталған заң жобаларының 8-іне қол қойылды.

Министр осы орайда ҚР Президентінің «Заңсыз алынған мүлікті мемлекет меншігіне қайтару жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын іске асыру мақсатында биыл қабылданған «Заңсыз алынған мүлікті мемлекет меншігіне қайтару туралы» заң және оған сәйкес ілеспе заңдарда қамтылған мәселелерге айрықша тоқталды.

(Соңы 2-бетте)

КЕЛБЕТ

ЕЛ ЗАҢЫНЫҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАСҚАН АРДА АЗАМАТ

Алаш ардақтыларының алдыңғы қатарында тұратын бірегей ұлт перзенті, Алашорда үкіметінің мүшесі, заңгер, қазақтан шыққан тұңғыш құқықтану магистрі Жақып Ақбаев өзінің қысқа ғұмырын елінің болашағына арнап, жарғақ құлағы жастыққа тимей, арпалыспен өткен. Көзі тірісінде қайран ер қуғын-сүргіннен көз аспаған. Ал кудалаумен өткен өмір жолына үңілгенде, еріксіз таңдана-сың. Елін сүйген азамат аз ғана ғұмырында артына қаншама айшықты таңба қалдырып, қаншама жарқын істер тындырып кеткен десеңізші?! Бәлкім, оның жасаған елу сегіз жылдық ғұмыры өзге алаш арыстарымен салыстырғанда ұзақ та болып көрінер. Бірақ, бергенінен берері көп, жан-жақты қабілетті адам үшін бұл жас тым аз.

Жақып Ақбайұлының кіндік қаны тамған Ақтоғай топырағы Алаш көсемі Әлихан Бөкейханды, алаш ардақтысы Әлімхан Ермековтерді бір-бірімен жарыстыра, ілгерілі-кейінді өмірге әкеліп, ұлт мұраты жолында табыстырып, басын біріктіріпті. Осы үш перзентімен-ақ Ақтоғай өңірі сол дәуірде бүкіл түркі әлемін дүр сілкіндіріп, Ресейдің отаршыл империясының іргесін шайқалтқан Алаш партиясының ұйымда-суына ұйытқы болған. Жұртымыздың топырақ

қасиетіне айрықша мән беретіндігі де осында сияқты.

Жақып Ақбайұлының күреске толы өмір жолы – барша алаштың қайнаған ар-намысының, елдік мұрат-мүддені аңсаған тілегінің ортақ сипатындай. Оның бар мағыналы өмірі жеке бастың рахатына емес, асқақ халқына арналған. «Елім!» деп емешесі құрып, «қайран жұртым!» деп қабырғасы қарс айрылып, жанын құрбандыққа тіге жүріп ғұмыр кешті. Оның алыс

көкжиекке көз жіберген нағыз қыран тектілігін балапанша қанат қағып, талпынған шағынан-ақ аңдауға болар еді.

1886 жылы Қарқаралыдағы орыс-қазақ мектебіне қабылданғанда Жақып небары он жастағы бала екен. Яғни, бұрнағы қазақтың балалары секілді, ауыл молдасынан ескіше сауат ашуды қанағат қылмай, ыстық ұясынан ұзап, орысша-қазақша білім алуға талпыныпты. Жоғарыда айтқанымыздай, әрине, бұған текті ортаның ықпалы да аз болмаған. Қалай болғанда да, өзі болсын, жанашырының ақылымен болсын, жас бала Жақып заман талабын ерте ұққан секілді, әрі өзіне не керегін хәм замана талабын әуел бастан болжағандай. Бұл мектепті тауысқан соң, оқуын Омбының жетіжылдық гимназиясында жалғастырыпты. Әрине, бұл тұстарда білімі жетілген Жақыптың ой-өрісі де ұзарып, көзқарасы кеңейгенін шамалаймыз. Одан әрі асып, Томск гимназиясында бір жыл оқығаннан кейін, оның үлкен мұрат соңына түсіп, енді жоғары білім алуды

көкпеп, Санкт-Петербургке бет алуынан бұл жылдардың зая кетпегенін, Ыбырай Алтынсарин айтқандай, оқу-білім, ізденіс жолына «аш қасқырша шапқандығына» көзімізді жеткізе түсеміз.

Санкт-Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген Жақып Ақбайұлының алдынан осыдан кейін-ақ кең болашақтың есігі айқара ашылғандай еді. Мұндай оқу орындарына ол уақытта қазақ түгілі, орыс-славян жұртының өзінің ішінде тек таңдаулылары, дворян ақсүйектері, қалталы буржуазия өкілдері ғана қол жеткізетін. Дегенмен, сол кезде материалдық жағдай алдыңғы орында тұрса да, біз қазақтың талапты жасының бұл асуды негізінен өзінің жеке басының оқу-білімге деген шексіз ынтызарлығымен, биік талабымен бағындырғанын баса айтар едік. Әрине, Жақыптың дәулетті отбасынан шығуының да биік арманына жетуіне зор ықпалын тигізгені түсінікті. Дегенмен, жеке басының қасиеті болмаса, тау бұзардай екпін, оқу-білімге, өз мақсат-мұратына деген жалын-даған құштарлығы болмаса, оның бұл асуларды бағындыруы неғайбыл болатын.

Жасыратыны жоқ, ол кезде европалық тәрбиедегі орта қазақ баласына менсінбей, мұрын шүйіре қарап келді. Патша заманында астамшыл орыс ортасын Шоқан сияқты бірегей тұлғаларымыз мойындата алғаны аян.

(Соңы 5-бетте)

(Соңы. Басы 1-бетте)

Есқараев мырзаның айтуынша, бұл құжаттың негізгі мақсаты – ел ішінде және шетелдегі заңсыз алынған активтерді қайтару параметрлерін анықтау. Заңның нормалары да заңсыз активтерді иемденуге және оны шетке шығаруға мүмкіндік беретін тетіктерді жоюға бағытталған. Активтерді қайтару жөніндегі шаралар тізбесі заңда белгіленетін жоғарыда аталған субъектілермен үлестес тұлғаларға да (мысалы, жақын туыстары, осы тұлғалардың мүлкін номиналды иеленетін тұлғалар және басқалар) қолданылады. Осылайша, заң ірі сыбайлас жемқорлыққа, республикалық және жергілікті деңгейдегі әкімшілік-билік ресурстары субъектілермен біріктірілген олигополиялық топтарға қарсы пәрменді шараларды қамтиды. Заңда активтерді қайтарудың ерікті де, мәжбүрлі де тәртібі көзделген. Бұл ретте қылмыстық процесс шеңберінде және соттардың немесе шет мемлекеттердің өзге де уәкілетті органдарының шешімдері негізінде заңсыз иемденген активтерді тәркілеу мүмкіндіктері сақталады. Сонымен қатар әдістердің бірін таңдау істің сипаты мен жағдайларына байланысты жүзеге асырылмақ.

Құзырлы орын нормативтік-құқықтық актілерге, Мемлекет басшысы мен Үкімет актілерінің жобаларына, сондай-ақ халықаралық актілердің жобаларына да жүйелі түрде сараптама жасап келеді. Бүгінгі таңда 3500 нормативтік құқықтық акт тіркелді. Заң сараптамасы Президент Жарлықтарының 142 жобасына, Үкімет қаулыларының 1106 жобасына, Премьер-Министр өкімдерінің 120 жобасына, Еуразиялық экономикалық одақ органдары актілерінің 785 жобасына, сондай-ақ өзге де халықаралық келісімшарттардың 339 жобасы жан-жақты зерделеніпті.

Сондай-ақ, Әділет министрлігі ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасы бойынша ел азаматтарына көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және осы салаларға инновацияларды енгізу шарасына басымдық беріп отыр. Соның арқасында көптеген процедуралар жеңілдетіліп, қазақстандықтар оларды ақпараттық смартфон арқылы алуда. Мәселен, жыл басынан бері 10,1 млн мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның 9 455 миллионы немесе 93,1 пайызы электронды форматта жүзеге асты. Осы орайда «Жылжымайтын мүлік тізілімі» мемлекеттік дерекқорын және Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін біріктіру жолымен Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесін енгізу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Бұл халықтың уақытын және қаржылық шығынын

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫ АРТЫП КЕЛЕДІ



айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді. Сол секілді биылғы жылдың 8 айының қорытындысы бойынша 1,3 млн-ға жуық мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның 1,2 млн немесе 97 пайызы электрондық форматта берілді. Осы уақыт ішінде аспосты қойылған 60542 құжаттың 6426-сы да «Электрондық үкімет» порталы арқылы өткен.

Ал, заң қызметін ұйымдастыру және лицензиялау бойынша елдегі 4705 нотариустың 248-іне лицензия беріліп, түрлі себептермен 16 лицензияның қолданысы мүлде, 76-сының лицензиясы уақытша тоқтатылса, 16-сы лицензиясынан айырылды. 132 нотариус тәртіптік жауапкершілікке және 62 нотариус әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 5997 адвокаттың 288-іне лицензия беріліп, 25 адвокаттың заңға қайшы әрекеті арнайы қаралды.

Жалпы, 2023 жылға арналған қаржыландыру жоспары бойынша тегін заң көмегін көрсетуге республикалық бюджеттен 2 млрд 719 млн 506 мың теңге бөлінді. Соның арқасында 116 427 азаматқа тегін заң көмегі көрсетілген.

Құзырлы орын қызметінің бір бағыты сот актілерін орындау болса, бұл тұрғыдағы көрсеткіштің айтары көп. 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі есеп бойынша республикада 263 мемлекеттік және 2111 жеке сот орындаушысы жұмыс істейді. Олар жалпы сомасы 20 трлн теңгеге жуық сомаға 7,2 миллион атқарушылық өндірісін жүргізіпті. Бүгінгі күні шамамен 2 трлн 807 млрд теңге сомаға атқарушылық өндірудің 40 пайызы орындалды. Аталмыш соманың қо-

мақты бөлігін алимент өндіруге арналған құжаттар құрайды.

– Бұл процесс бала кәмелетке толғанға дейін созылатынын естен шығармау керек. Орындалып жатқан өндірудің үлесінен 13 316 құжат проблемалық өндіру болса, 6072 құжат бойынша қарыз мүлде өтелмеген. Мәселен, 2023 жылдың 6 айында алимент төлеу бойынша сот актілерін орындамағаны үшін 2861 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 7219 борышкерге елден шығуға уақытша тыйым салынды. Алимент өндіру бойынша барлық проблемалық атқарушылық құжаттар бойынша сот орындаушылар мәжбүрлеу шараларын қолданады. Кейбір жағдайда борышкердің тұрақты табысы мен мүлкінің болмауына байланысты алимент өндіру қиынға соғады. Осыған орай, облыстық әділет департаменттері әкімдіктермен бірлесіп отырып, борышкерлерді жұмысқа орналастыру мақсатында бос орындар жәрмеңкесін тұрақты түрде өткізіп тұрады. Оның айтуынша, 2023 жылдың 8 айында республика бойынша 2101 борышкер жұмысқа орналастырылыпты, – деді министр.

Құзырлы орын үшін өзекті мәселе сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелерінде туындап отыр екен. Бұл жұмыстың ауқымы 2022 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2,4 пайызға кем. Сол секілді сот-медициналық сараптамасы да 2022 жылмен салыстырғанда 5,5 пайызға аз. Министр бұған орталық филиалдар ғимаратының 90 пайызы сот-медициналық сараптама талабына сәйкес келмейтінін алға тартты. Олар түгел дерлік апатты жағдайда тұр десе де болады. Мысалы, Алматыдағы филиал ғимараты 1915 жылы, Шымкентте – 1962 жылы, Шығыс Қазақстан облысында – 1953 жылы, Қарағандыда – 1952 жылы, Қызылордада 1967 жылы салыныпты. Министрдің айтуынша құзырлы орын бұл мәселені шешудің барлық мүмкіндігін жасауда. Қазіргі таңда 20 филиалдың талапқа сай болуы үшін жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл тетігі жасалыпты. Бірақ бұл тым аз.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»



СОТ КОРПУСЫНА БІЛІКТІ КАДРЛАРДЫ ТАРТУ МАҢЫЗДЫ

Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі Ғафур Шаров Ақтөбе облысында заңгерлермен көшпелі кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процесстік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Қабылданған түзетулер Жоғары Сот Кеңесінің анық кадрлық функциялары бар толыққанды институт ретіндегі мәртебесін одан әрі нығайтуға бағытталған. Бұл заңнамалық өзгерістер Кеңестің соңғы жылдары іске асырып жатқан іс-шараларының жалғасы болып табылады.

Кездесудің мақсаты: заң және судьялар қоғамдастығының өкілдерімен Кеңестің құзыретіне кіретін қызметі туралы ақпараттық-түсіндіру және үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу. Кездесуге судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсыруға үміттенетін кандидаттар (прокурорлар, адвокаттар, басқа мемлекеттік органдардың заңгерлері, корпоративтік құқық, салық салу, зияткерлік меншік, жер қойнауын пайдалану және т.б. салаларының заңгерлері), судья лауазымына конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар (судья лауазымына біліктілік емтиханын сәтті тапсырған кандидаттар, магистранттар, жұмыс істеп жүрген судьялар, құқықтың жекелеген салаларының мамандары және т.б.) қатысты.

Кездесу барысында судья Ф.Шаров судьялар корпусын жаңарту және жоғары білікті мамандарды тарту бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырды. Спикер өз сөзінде сот жүйесіне білікті және кәсіби кадрларды тарту мақсатында кандидаттардың Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымын алғаннан кейін тағылымдамадан өту құқығы бекітілгенін атап өтті.

Бұған дейін біліктілік емтиханын сәтті тапсырған кандидаттар соттарда тағылымдамадан өткен, ал тағылымдамадан кейін кандидаттар судьялық лауазымдарға конкурстық іріктеуге қатысуға жіберілген. Бұл ретте тағылымдама негізгі жұмыс орнынан қол үзіп жүзеге асырылатын, ал бұл кандидат судья болып тағайындау туралы ұсыныс алуға ешқандай кепілдік болмай, жұмыссыз қалу қаупін тудырғандықтан, олардың тағылымдамадан өтуден бас тарту себебінің бірі болды. Енді үміткерлерге Кеңестің тиісті ұсынымын алғаннан кейін тағылымдамадан өту құқығы беріледі. Бұл кандидаттарға ыңғайлы жағдай жасау үшін және олардың конкурстық іріктеу кезеңінен неғұрлым жедел өтуі, сондай-ақ, сот жүйесіне жаңа жоғары білікті кадрларды тарту үшін жасалды. Сондай-ақ, жоғары білікті кадрларды тарту үшін басшы судьялық лауазымдарға кадр резервінде болғысы келетін қазіргі судьялар, сот төрағаларымен түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Қабылданған түзетулер Кеңестің рөлін және судьялардың тәуелсіздігін одан әрі нығайтуға бағытталған және Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында берген тапсырмаларын іске асыру шеңберінде әзірленген. Қатысушылар кездесу барысында Кеңес өкіліне біліктілік емтиханына, конкурстық іріктеуден өтуге судьяларды мансаптық ілгерілетуге қатысты сұрақтар қойды. Сондай-ақ, судьяларды іріктеу сапасын жақсарту және сот корпусын жаңарту жөніндегі заңнамалық өзгерістер туралы толығырақ білді.

Кездесу соңында Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Айдар Смағұлов Ғафур Шаровқа нәтижелі кездесуі мен құнды ақпараты үшін алғысын білдірді.

Ақтөбе облыстық сотының баспасөз қызметі

СҰРАҢЫЗ, ЖАУАП БЕРЕМІЗ!

СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР



Ауыз су, кәріз жүйесіне қосылуың заңды жолы қандай?

Қаланың бірқатар жаңа аудандарына, Шымкент аумағына қосылған елді мекендерге орталық су құбыры тартылды. Ендігі кезекте, орталық магистральға қосылған абоненттер суды есепке алу құралын орнатуы тиіс. Тиісті жұмыстарды мердігерлер істейді. Су есептегішті пломбылау үшін тұтынушы осы қызметті ұсынатын лицензиясы бар мамандандырылған ұйымға өтініш жазуы тиіс. Осыдан кейін ғана «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-мен сумен қамту және кәріз қызметі бойынша келісімшарт түзуге керекті құжаттарды тапсырады.

Шарт түзіп, тұтынылған қызмет бойынша есеп айырысу үшін жеке шот болуы міндетті. Ол үшін тұтынушы келесі құжаттарды тапсырады: жер учаскесінің акті, egov.kz порталынан меншік құқығын растайтын анықтаманың көшірмесі, жеке куәліктің көшірмесі және суды есепке алу аспабының фотосуреті (маркасы және нөмірлік белгісі анық көрінуі керек). Осы құжаттармен тұрғылықты жері бойынша дилерлік учаскеге немесе «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-не жүгіну қажет (мекенжайы: Орманов көшесі, 17, қоғамдық қабылдау бөлмесі). Келісімшарт түзу және жеке шот ашу ұзақ уақыт алмайды. Егер тұтынушының жылжымайтын мүлікке меншік құқығын растайтын құжаты болмаса, сумен қамту және су бұру қызметін ұсыну туралы келісімшарт жасалмайды!

Назар аударыңыз! Сумен қамту желілеріне «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-мен келісім-шартсыз қосылған жағдайда, абонентке қызмет көрсетілмейді, судан ажыратылады. Және тұтынылған ауыз су көлемін есептеу арнайы әдістеме бойынша жүргізіледі.

Дилерлік учаскелердің мекенжайлары: Қайнарбұлақ т/а, Қайнарбұлақ саяжай алабы, Асар-2, Нұршуақ, Достық, ш/а. Күншығыс оазисі тұрғындары үшін дилерлік учаске Сырым батыр көшесі, 1174 уч. мекенжайында орналасқан (бағдары: «Высоковольт» аял-

дамасы, Стоматология ғимараты). Анықтама телефоны: +77078709873.

Ынтымақ – 1,2,3, шағын аудандары мен Нұршуақ ш/а тұрғындары қарайтын дилерлік учаске мына мекенжайда орналасқан: Жаңатұрлан кенті, Галицин көшесі, н/ү, анықтама телефоны: +77027704433.

Қандай жағдайда абоненттерге су беру тоқтатылады?

Бұл тұтынушылар жиі қоятын өзекті сұрақтардың бірі. Сумен жабдықтау қызметін ұсынуға арналған үлгі шарттың 3-тарауының №8-тармағына сәйкес, су беру келесі жағдайларда тоқтатылады:

- 1) авариялық жағдайларда немесе азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төнгенде;
- 2) Өнім беруші желісіне абонент өз бетінше қосылған жағдайда;
- 3) Есепті кезеңнен кейінгі екі ай бойы көрсетілген қызмет үшін ақы төленбеген жағдайда;
- 4) Абонент өнім беруші мекеме өкілдерін көрсеткіш алу, жұмыс істеп-істемей тұрғанын тексеру, аумақта орналасқан немесе шаруашылық жүргізуде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің барлық элементтерінің техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылау үшін сарқынды судың сынамаларын алуға, суды есепке алу аспаптарына бірнеше рет жібермеген жағдайда;
- 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына негізделген құбырларға

дезинфекция жүргізу қажеттілігі туындаған жағдайда;

6) Нормативтік құқықтық актілерде және тараптардың келісінде көзделген басқа да жағдайларда.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда көрсетілетін қызметті тоқтату бірден іске асырылады. Осы тармақтың 3), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда тұтынушыға қызмет көрсетуді тоқтатқанға дейін абонентке кемінде бір ай бұрын ескертіледі.

Тұтынушының сумен жабдықтау қызметін ерікті негізде тоқтата тұру мүмкіндігі бар. Мысалы, пәтер иелері ұзақ уақыт бойы үйден алысқа кететін болса, су ағудың алдын алып өшіруіне болады. Ондай жағдайда үй иесі дилерлік учаскеге барып, сумен жабдықтау қызметін уақытша тоқтата тұруға байланысты өтініш жазады. Назар аударыңыздар, суды қайта қосатын кезде дилерлік учаске өкілінің «Сумен жабдықтауды ажырату-қосу» қызметіне ақы төлеу қажет. Оның құны 1446 теңгені құрайды.

Сумен жабдықтау желілерінде проблема туындаса, су қысымы төмендеп, желілерден су кетіп жатса немесе су екпіні нашарлаған жағдайда «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС орталық диспетчерлік қызметіне хабарлауды сұраймыз: 8(7252) 321-274; +77081102121 (whatsapp). Сондай-ақ, мәселеніңді кәсіпорынның әлеуметтік желілердегі акаунттарына да жаза аласыз.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАНКТЕР БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУҒА ҚҰЛЫҚСЫЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Депутаттың дерегі бойынша, 2010 жылы банктердің кәсіпкерлерге инвестиция құюы жалпы ішкі өнімнің 25,1% пайызын құраса, 2022 жылы құйылған инвестиция ЖІӨ-нің бар болғаны 8,4% құраған. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, Қазақстанда бұл көрсеткіш көршілес ТМД елдерінен айтарлықтай төмен.

2022 жылдың қорытындысы бойынша ШОБ несиелендіру көлемі	
Ресей	ЖІӨ-нің 38,7%
Өзбекстан	ЖІӨ-нің 32,5%
Грузия	ЖІӨ-нің 28,6%
Қазақстан	ЖІӨ-нің 8,4%

ҰЛТТЫҚ БАНК СТАТИСТИКАСЫ

Десек те, банктердің қоржын түбінде сүрленіп жатқан 2,3 триллион теңге көлеміндегі артық қаражаты бар. Оны іске жарату, кәсіпкерлерге инвестиция ретінде тарту, мәжілісмендердің бүгінгі сұрауы болып отыр.

Депутат сөзін тыңдай келе екінші деңгейлі банктің ісін шынымен сынға алуға болады. Қолында ат басындай алтын бола тұра, көмекке неге ұмтылмайды деген сауалдың туындауы да орынды. Оның үстіне тегін бер деген ешкім жоқ, кәсіпкерге кәсібін дөңгелеткенше бере тұрсаң, пайызымен кейін қайырып

бермей ме? Бірақ та таяқтың екі ұшы бар демекші, бұған алып келген себептер жетерлік. Соның бірі, Ұлттық банк жүргізіп отырған қаржы саясаты. Ұлттық банк әзірге, инфляцияны түсірем деген өз мақсатын орындау үшін айналымға ақша шығарғысы жоқ. Мысалы, 2010 жылы Ұлттық банктің базалық ставкасы 7%-ды құраған еді. Әрине сәйкесінше кәсіпкерлер де тиімді пайызбен несиелену көп алған. Ал 2022 жылы базалық ставка 16%-ға бір-ақ көтеріліп, біраз кәсіпкерді шошытқанын ұмытпауымыз керек. Бұл туралы бүге-шүгесіне дейін Freedom Holding Corp-тың негізін салушы Тимур Турлов жақсылап баяндап берді.

«Бизнесті несиелеу ІІ деңгейдегі банктерде неге аз, өйткені бұны біріншіден Ұлттық банк қаламайды. Айналымдағы ақшаның тым көптігі инфляцияның жоғарылауына алып келді. Бізде онсыз да инфляция жоғары. Ал теңгені қайта нығайту үшін, айналымдағы артық ақшаны сүзіп, жинап алу керек. Демек, бұл кредитті азайтып, депозитті көбейту деген сөз. Ұлттық банктің базалық ставкасы 12%-дан 16%-ға көтеру себебі де сол. Тіпті, мына біздер, ІІ деңгейлі банктер өз шығынымызды қоспай несиелену берсек те, Ұлттық банктің 16% ставкасы еш жоғалып кетпейді. 16%-дық несиелену кәсіпкерлер үшін өте көп. Кәсіпкерлердің бәсекеге қабілетті болуы үшін ІІ деңгейдегі банктің өзі 10%-дан кем несиеленуі керек. Мысалы, алдыңғы қатарлы мемлекеттерде

ІІ деңгейлі банктер кәсіпкерлерге 6%-дық несиелену береді. Өйткені, олардың І деңгейлі банктерінің базалық ставкасы өте төмен, не мүлде жоқ. Мысалы, 100 млн теңге несиелену алған Қазақстандық кәсіпкер үстіне кемі 16 млн теңге қосып қайтарса, Германия кәсіпкері бар болғаны 6 млн теңге ғана қосып береді. Қазақстан моделіндегі несиелену кім алғысы келеді және алған күннің өзінде қайтаруға қауқары жете ме?»

ДЕМЕК, ЖОБАЛАР БІР-БІРІНЕ ҚАРАМА-ҚАЙШЫ КЕЛІП ТҰР...

«Иә, логика қайда? Бір жағынан кәсіпкерлерге ақша керек, берілгендей, екінші тұстан инфляцияны реттеу үшін айналымға ақша шығармау шараларын қолданады. Әрине банкте жиналған қор бар, дегенмен ол қор айналымға түссе, бұл экономикаға үлкен соққы болмақ, өршіген инфляция өз ізін қалдырмай өтпейді». Осы тұста енді Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиев кәсіпкерлерге қатысты банктерді ШОБ-ты қаржыландыру үшін ынталандыру мүмкіндігін қарастыру; сондай-ақ, бизнесті несиелендіру көлемін ұлғайту үшін шектеулерді қайта қарау керек деп ұсыныс тастап отыр.

Ал жеке тұлғаларды несиелендіруге келетін болсақ, ШОБ жағдайына қарағанда керісінше, несиелену көрсеткіші тым жоғары. Ұлттық банктің мәліметінше, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке тұлғаларға берілген несиелер 16,2 трлн теңгеге өсті, 2023 жылғы 1 шілдедегі

жағдай бойынша жеке тұлғаларға 11,5 триллион теңге тұтынушылық несиелену берілген. Салыстырмалы түрде 2010 жылы жеке тұлғаларға берілген несиелену көлемі тек 7592 млрд теңгені құраған. Қарапайым тілмен ол кездегі несиелену сомасы бүгінгінің пұшпағындай ғана. Әрине инфляция өз әсерін берді, дегенмен шектік кредиттік пайыз туралы заңның 2012 жылы өзгеріске ұшырауы, жеке тұлғаларға несиелену беру, заңды тұлғаларға қарағанда оңтайлы болуы, жаппай несиелену алу тенденциясын алып келді.

Депутаттың сөзінше аталмыш тенденция кесірінен елімізде 2023 жылдың есебі бойынша 10 млн-ға жуық қарыз алушы болса, соның ішінде 2 млн-нан аса берешек есі «мәселелі» несиелену алушы қатарына енген. Тіпті, бүгінде несиелену несиелену жауып, күнелтіп жүргендер қатары да аз емес. Өйткені, банктер жеке тұлғаның төлем қабілеті мен кредиттік тарихына енжарлықпен қарап келген.

Осыған байланысты Тимур Турлов келесідей пікір айтты: «Қазақстандық тұтынушылық несиеленудің жоғары болуы, менің болжауымша бірнеше нәрсеге негізделеді. Біріншіден, өндіріп алудың тиімді жүйесі. Екінші, төмен қаржылық сауаттылық. Үшіншіден, Ұлттық банк рұқсат еткен ең жоғары маржаның 56% жоғары мөлшерлемесі. Несиелену келсек, бұл барлық адамдар үшін де және реттеушілер үшін де өте мөлдір процесс. Сондықтан, жалпы есеп беру сапасына күмәнданудың қажеті жоқ. Жеке тұлғалар, естеріңізге сала кетсем, шартты түрде 2018 жылға дейін Қазақстанда өркендеген (раудау loan микроқаржы ұйымдары) олар жылдық 700-800%-бен несиелену беріп, ақшаны ыстық тоқаштай таратқан еді. Микроқаржы ұйымдардың ұсынған несиелену, әрине арзан сияқты. Дейтұрғанмен, сол халықтың қаржылық сауатсыздығы-

ның кесірінен резонанс туды. Егер біз қазір эмоциялардан алшақтап, шартты түрде статистикада тұтынушылық несиелену енуін қарастыратын болсақ, Қазақстанда меніңше, тұтыну несиелену бойынша мәселе айтылып жүргендей өткір емес. Бізде мысалы корпоративтік несиелену мүлдем жоқ, тұтынушылық несиелену тұтастай алғанда төмен. Егер төлей алмай жүрген жеке тұлғаларды алсақ, олардың басым бөлігі несиелену алғанымен, шындығына келгенде қайтарғысы келмейтіндер. Мәселе сонда деп ойламын». Ал 56%-дық шекті көрсеткішті төмендету жайында не айтасыз, ІІ деңгейдегі банктерге бұл қалай әсер етеді?

«Шыны керек, бізге келіп-кетері жоқ. Өйткені, нарықта 56%-бен несиелену беріп жатқан банк жоқ деуге келеді. Банктер бәсекеlestігі тұтынушылар үшін барынша оңтайлы орта қалыптастырды. Қазіргі несиелену пайызы Ұлттық банктің 16%-ымен қоса есептегенде 20-30% төңірегінде. Ал қазіргі шекті 56%-дан, 40%-ға түсіру ұсынылып жатқандықтан, ұтылатын ешкім жоқ».

Әрине, осы тұста әркімнің өз шындығы бар. Мәселеге қатысты ендігі Мәжіліс депутаты, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы Тимур Сұлғайымовқа мәселеге қатысты келесідей ұсыныстар тастады:

Жеке тұлғаларға қатысты азаматтар несиелену қайтармау мерзімі 90 күннен асатын болса, оларға тұтынушылық несиелену мен микрокредиттер беруге тыйым салу; ресми табысын растаусыз 21 жасқа толмаған тұлғаларға тұтынушылық несиелену беруді шектеу; Және жалпылама жылдық максималды мөлшерлемесі 56%-дан төмендету.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

ДЕНСАУЛЫҚ

Алматы қалалық психикалық сауықтыру орталығында қарттар мен егде адамдардың психикалық бұзылулар бөлімшесі биыл 8 айда 124 науқасқа медициналық көмек көрсетті. Былтыр 9 айда 71 қария емделген және емделушілердің басым бөлігі деменция ауруына шипа іздеп келген. Мамандар деменция, альцгеймер дертіне шалдығып, медициналық көмекке жүгінбей жүргендердің саны бұл көрсеткіштен әлдеқайда көп болуы мүмкін деп болжайды.

АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛҒАН АБЗАЛ



Егер жақын адамның бойынан, іс-әрекетінен, мінез-құлқынан осы аурудың белгілерін байқасаңыз, невропатолог немесе психиатрдың көмегіне жүгініңіз. Альцгеймер ауруының пайда болу себебі әлі анықталмаған. Дертті емдейтін дәрі жоқ. Дәрі-дәрмектің көмегімен аурудың дамуын тежеуге болады. Өкінішке қарай туыстары көбінесе қарт адамның мінез-құлқындағы өзгерістерге назар аудармайды. Қарттың салдары деп мән бермейді. Ол уақыт өте оғаш қылықтар көрсетіп, науқастың әрекеті өзі мен туысқандарына қауіпті болғанда ғана біздің орталық мамандарының қызметіне жүгінеді, – дейді бөлім меңгерушісі Рабига Доланбаева.

Герантологтар егде жастағы кісілер жұртшылықтан алшақтамау керек, өзгерістермен қарым-қатынасты

үзбей, түрлі үйірмелерге, хорларға қатысқаны пайдалы дейді. Қариялардың ұйқысы тыныш, жаяу жүру, жаттығу, физикалық белсенділіктің басқа жеңіл түрлерімен шұғылдануы күнделікті дағдыға айналдырып, есте сақтау қабілеті қызметін жақсарту үшін үздіксіз жұмыс істеу керек.

Статистикаға сәйкес, орташа есеппен альцгеймер ауруы диагнозы қойылғаннан кейін адам шамамен жеті жыл өмір сүреді және тек науқастардың 3%-ның өмірі 14 жылға дейін ұзаруы мүмкін. Еркектерге қарағанда бұл ауруға әйелдер жиі шалдығады.

Психикалық сауықтыру орталығында емделуден адамдар неге қашады? Себебі, балалары, туыстары науқасты жынды емес немесе ел-жұрт не ойлайды деп ауруын жасырып, кеселді

асқындырып алады. Үйде қамап ұстайды. Науқастың да, оны бағып отырған адамның да бұл денсаулығына әсер етеді. Біздің орталықта емделу тегін. Алжу, ұмытшақтық сияқты аурудың алғашқы белгілері сыр бере бастағанда емнің пайдасы болады. Дәрілер арқылы оның дамуын тежеуге болады. Орталықта 25 төсек бар. Қазіргі таңда бос орын жоқ. Елімізде үш миллионға жуық қария өмір сүреді екен. Олардың 10% осы дертпен алысып жүр. Психологтарға, психиатрларға бару ұят деген көзқарастан арылатын кез келді. Кез келген аурудың алдын алуға әрекет етуіміз керек, – дейді орталық директоры Сапар Рахменшев.

Мамандар әлемді дүрліктірген коронавирус пандемиясы альцгеймер мен деменцияның өршуіне әсер еткенін жоққа шығармайды. Ерте алжу, ақылдан адасу – мидың жарақаты, зақымдануы салдарынан болады. Алкогольді сусындарды ішу, есірткі заттарына әуестік, ұйықтататын дәрілерді жиі тұтыну да аурудың дамуына түрткі болады. Науқастың интеллектуалдық қабілеті төмендейді.

Керіліктің де, алжудың да емі жоқ. Деменция 65 жастан асқанда пайда болса, 40 жастан асқан азаматтарда альцгеймердің алғашқы белгілері байқалады екен. Сондықтан мамандар өмірі жағымды эмоцияларға толы, физикалық жағынан белсенді, кітап көп оқитын адамдарға ақылдан адастырып, өзгені емес өзін тану мүмкіндігінен айыратын ауру жоламайды – дейді.

Алматы қалалық психикалық сауықтыру орталығының баспасөз қызметі

БАЗЫНА

ПОШТА ЖЫРЫ – МӘҢГІ ЖЫР

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) үшін де, қалың оқырман үшін де маңызы зор, жыл сайын айналып келіп отыратын науқан – мерзімді баспасөзге жазылу науқаны басталды.

Әрбір басылым алдағы уақытта бұқара халыққа қандай тақырып, нендей жаңашылдық ұсынатынын айтуда. Жөн! Алайда «сол көңіліміз қалап жазылған БАҚ-тарды өз ошағымызға жеткізіп беру мәселесі қалай болар екен? Жылда орын алып жатқан олқылық тағы қайталана ма...?» деген дүдәмал ой бойды торлап алатындығы шындық. Өйткені, БАҚ-тар мен қалың оқырмандарды жалғап тұрған пошта қызметінің жауапкершілігі төмен. Енді мен жалпы жағдайдан жалқыға көшіп, өзім бастан кешкен жәйді баяндайын.

Мен «Қазпошта» Акционерлік қоғамының Алматы қаласындағы «Айнабұлақ – 1, № 9 – үйде орналасқан «Қазпошта» 050014 Алматы – 14 аталатын (БИН 000140002217) пошта бөлімшесі арқылы БАҚ-қа жазылушы оқырманмын. Өкінішке қарай, осы бір пошта бөлімшесінің «таусылмайтын әңгіме-жыры» жыл сайын қайталанып, бүгінге дейін жалғасып келеді. Бұл пошта бөлімшесі қызмет көрсететін аумақ өте үлкен және жалақысы жарытымсыз. Сол себепті, мұнда пошта таситын адам тұрақтаймайды. БАҚ құралдарын өз аяқтарымен барып алады. Мәселен, мен де сондай өз аяғыммен сабылушы оқырмандардың бірімін. Бұл пошта мекемесінің «ерекше бір қасиеті» – сен жазылған БАҚ-тың кезекті санын бермейтіндігі. Енді бірде өзіңе тиесілі газет нөмірінің екі бірдей данасын «лақ» еткізіп беріп жіберетін жомарттығы да бар. Бұл жағдайда мен сияқты бір оқырман газеттің сол күннің санынан қағылатындығы түсінікті. Осындай келеңсіздік қайталана берген соң, «Жас Алаштың», төл газетім «Қазақ әдебиеті» басылымының бір нөмірдегі екі данасын қолыма ұстап, аталмыш пошта бөлімшесіне келдім.

– Мен пошта бастығына жолықсам деп едім дегеніме:

– Пошта бастығы менмін, – деп, жақтырмай, бетіме шытынай қараған орта жастағы әйелге журналистік куәлігімді ұсындым. – Сіздің аты-жөніңіз кім?

– Мені барлығы біледі. Аты-жөнімді айтпаймын...

– Қызық екен... Мен сізге қонаққа келгенім жоқ. «БАҚ туралы» заңның негізінде сіздердің проблемаларыңызды газет бетіне жариялап, көмек көрсету мақсатында арнайы атбасын бұрып отырмын, – деп, жоғарыда жазылған

келеңсіздіктерді жырдай етіп айтып бердім.

– Пошта тасушылар шыдамай шығып кететіндей, олардың айлық еңбекақысы соншалықты төмен бе?

– Оны қайтпексіз? Ондай құпияны айтуға қақым жоқ...

Дұрыс жауап ала алмасымды көзім жеткен мен жоғарыда атап өткен «Жас Алаш» пен «Қазақ әдебиеті» газеттерінің қосарланған сандары мен «Заң газетінің» соңғы, осы жылдың 19-қыркүйегінде шыққан №70 санын пошта бастығының қолына ұстаттым.

– «Заң газетінің» осыдан бұрынғы, яғни қолыма тимеген № 69-санын тауып берсеңіздер.

– Бар болса, тауып берші мынаған... – деп, сөзімді тыңдап тұрған өзінен жасырақ әйелге (өзім газет сорттаушы деп шамаладым) иек қақты.

– Қане, әкеліңіз... – Қолымдағы «Заң газетін» жұлқа тартып алған әйел ішкі бөлмеге кіріп кетіп, сәлден соң қайта шықты.

– Жоқ екен, таппадым. Мүмкін, сіз газеттің ол санын алсаңыз да, «алмадым», деп бізге пәле жауып отырған шығарсыз.

«Басшысы анандай болса, қосшысы қайда барып оңсын?!» – деген ойдан жүйкем жүндей түтіліп, қараптан-қарап өзім жазықты болып шыққаным күйініп кеттім. Заң басылымының ол санын іздеуім тегін емес. Онда «Тамшылар күнәні жұмайды» деген детектив шығарманың басы жарияланған болатын.

Мұндай пұшайман, шарасыздық жағдайға ұшырап отырған оқырман жалғыз мен емес. Пошта қызметіне қатысты ондай сорақылықтар әр басылымдарда жазылып та, айтылып та жатыр.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Барлық салада қатаң тәртіп орнатып, «Жаңа Қазақстан» құрып, өркендеу жолына түсуіміз керек» деген орынды ұстанымды мақсат етіп отыр. Елдегі маңызды саланың бірі – «Пошта байланысы». Ендеше, пошта байланысының қызметі де реттеліп, жолға қойылуы керек. Қарапайым оқырман олардың салғырттығынан жапа шекпеуі тиіс!

Фабдул-Сәбит ЮСУПОВ,
Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі,
Қаратал ауданының Құрметті азаматы

ӘДІЛЕТТІҢ МАҒАУИЯСЫ ЕДІ...

1992 жылдан бастап Қазақстан Президентінің қаулысымен еліміздің әр аумағында орналасқан әскери прокуратуралар мен әскери трибуналдарды (сот) жас мемлекеттің құрамына қабылдап алғанда, әскери заңгерлердің тапшылығы біліне бастады.

Мен сол кездегі Президенттің әскери заңгерлердің жетіспеуіне байланысты қабылдаған 1992 жылы 11 маусымдағы №802 қаулысымен таныстым және әскерге шақырылған алғашқы заңгерлердің қатарында болдым. Бұл қаулымен запастағы әскери қызметке жоғары заң білімі бар 145 адам, оның 100-і әскери прокуратураға, 45-і әскери юстицияға, яғни сотқа шақырылған. 1992 жылдан қызметті бастаған Талдықорған гарнизонында әскери прокуратура болғанымен, ол кезде әскери сот жоқ болатын. Қылмыстық істерді 260 шақырым қашықтықтағы Алматы қаласы Алматы гарнизоны әскери сотына жолдайтынбыз. Бұл сол криминалға жағдайдың өршіп тұрған кезінде, соттардың істерді жедел алып, уақытылы қарауына кедергісін тигізетін.

Сол кездегі Талдықорғандағы әскери прокурорлар С.Толымбеков, Б.Тазобековтердің бастамасымен жоғарғы жаққа ұсыныс жасалып, 1994 жылы Талдықорғанда әскери сот ашылды.

Міне, осы жаңадан ашылған әскери сотқа бірінші төраға болып 1994 жылы Маңғыстау облысынан Мағауия Құсаинұлы Елемесов деген азамат келген еді. Алғашқы кезден-ақ жасына қарамастан лейтенант формасын киген М.Елемесов өзін тәжірибелі полковник сияқты көрсете білді.

Мағауия Құсаинұлы Талдықорғанға келе салысымен, әділетті сот процестерін ұйымдастырумен қатар, гарнизонда шаруашылық жұмыстарына да жіті көңіл бөліп, әскери соттың ғимаратын, автомашинасын алып, күрделі жөндеуден өткізіп, судьялар мен сот қызметкерлеріне жағдай жасады.

Сол кездегі судьялар Л.Мерекенов, Е.Таштепов (марқұм) зор тәжірибе жинап, сот қызметкерлерінің тату-тәтті ұйымшыл ұжым болып қалыптасуына Мағауия Құсаинұлының еңбегі ұшан-теңіз болды.

Осы гарнизонда әскери прокурор болып жүріп Мағауия Құсаинұлымен бірге, бір шеті Алакөл-Үшаралдан басталып, екінші шеті Шонжыға дейін созылып жатқан гарнизонның ыстығы мен суығына бірге түстік. Талай мәрте алыс гарнизондардағы әскери бөлімшелерде көшпелі сот процестерін өткіздік. Осындай қызмет барысында, мен Мағауия Құсаинұлын өмірден түйгені көп, ақылды, тәжірибелі судья, бағынысындағылар сыйлайтын басшы ретінде танып білдім.

Мағауия Құсаинұлы лауазымына қарамай, өзінен жасы, атағы кішілерге білгенін үйретіп, ақыл-кеңесін беретін. Біз де заңның шым-шытырық түйкілеріне тірелгенде, одан ақыл сұрап, қисынды жауаптарына риза болып, қанағаттанатынбыз.



Мағауия Құсаинұлымен қызметтес болған жылдарым менің ең бір ұмытылмас жылдарым болды. 1999 жылы Мағауия Құсаинұлын қимастықпен еліміздің шығысына Семей гарнизонына шығарып салдым. Кейінірек 2000 жылдардың басында, 2006 жылы Ақмола гарнизоны сотына кеткенше қызметте де, түзде де ұшырасып жүрдік. Мәкең қазақи тәрбие көрген, адамгершілігі зор адам болатын. Әр кездескенімізде күлімсіреп тұратын жылы жүзін ұмыту мүмкін емес.

Міне биыл әріптесіміз, ағамыз Мағауия Құсаинұлының өмірден өткеніне бір жыл болды. Арда азаматтың бейнесі біздің есімізде мәңгі сақталады. Мағауия ағамыздың аты әскери әділет органдары тұлғаларының арасында алтын әріппен жазылып тұруы тиіс.

Т. ҚҰНДАҚБАЕВ,
Әскери прокуратура ардагері
әділет полковнигі

ЖОЛ АПАТЫ: СЕБЕБІ МЕН САЛДАРЫ



Дамыған елдерде соңғы жылдары жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендер көрсеткіші орта есеппен 15%-ға артты. Сондай-ақ, автокөлік қозғалысындағы адам өлімі көрсеткіші өзен-теңіз көлігімен салыстырғанда – 12 есе, темір жол көлігінен 3 есе, әуе көлігінен 1,5 есе жоғары.

Жол-көлік оқиғасына республикадағы автокөлік санының артуы мен жол жүрісінің интенсивтілігі, қоршаған ортамызға бірқатар теріс салдарын тигізгенін көріп отырмыз. Республика қалаларының инфра-структурасы мен көліктердің жолдағы қозғалысы, автокөлік санының күрт өсуі, объективтік себептерден мемлекет тарапынан жол-көлік қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігі мен олардың салдарынан орын алатын жол-көлік оқиғасынан сақтандыру мүмкін емес екендігі анық. Жолдардың қарқынды қозғалысы арналып салынбауы жол-көлік оқиғасын жасауға түрткі болады. Тәжірибе көрсеткендей, жалпы жол-көлік оқиғасына: көлік құралдарының соқтығысуы; көлік құралдарының төңкерілуі, аударылуы; жаяу жүргіншіні соғып немесе басып кетуі; жолаушылардың көлік құралдарынан құлауы, т.б. оқиғалар жатады.

Барлық жол-көлік оқиғаларында негізгі орында жүргізушінің әрекеті немесе әрекетсіздігі байқалады. Көлік құралын басқаратын кінәлі тұлғаның кез келген апатты жағдайында оның белгілі бір жол-көлік оқиға сәтіндегі психологиялық жәй-күйі әсер етеді. Статистикаға сәйкес көбінесе жол-көлік оқиғасын тудыратын мән-жайлар: белгіленген жылдамдықты көтеру, мас күйінде көлікті басқару, басып озу, жол ережесін бұзып қарама-қарсы жолға шығып кету, жол қиылысы ережесін сақтамай жол кезегін бұзу, ақауы бар көлікті басқару, ара-қашықтықты сақтамау, реттеу дабылына бағынбау, жол жүрісі белгілеріне бағынбау, адамдарды тасымалдау ережесін бұзу, жаяу жүргіншілер ережесін бұзу және т.б.

Жол-көлік оқиғасы болған жағдайда, ең бірінші жол-көлік оқиғасын жасаған құқықбұзушыны анықтау мақсатында жүргізушілерден алкотестер арқылы ішкімік ішкендігін анықтайды. Негізінде, тек қана алкотестер арқылы емес, оның қасына наркологиялық-психотроптық есірткіге тексеріс қоса өткізіледі. Себебі, тек қана алкогольдік қоспалар ішкен азаматтар емес, олармен қоса наркологиялық-психотроптық есірткілерді пайдаланып көлік құралын басқару жол-көлік оқиғасын тудырып жатқан жүргізушілер де аз емес.

Жалпы, көлік апаттарының және құқықбұзушылықтың алдын алудағы басты бағыттар: экономикалық, құқықтық, ұйымдастыру-техникалық сипаттағы шараларды қарастыратын көліктік деликттердің алдын алу бойынша кешендік бағдарламаларды жасау мен жүзеге асыру, жол-көлік оқиғаларын қызметтік тергеуді реттейтін актілер мен тиісті деликттер үшін қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті регламенттейтін заңнамалық және заңға сәйкес нормативтік актілерді жетілдіру, көліктік қылмыстар бойынша қылмыстық тергеу мен сотта қарастыру тәжірибесін жетілдіру, көлік жүргізушілердің кәсіби сауаттылығын арттыру мақсатында арнайы дәрістер оқу, республикадағы жолдардың сапасын көтеру, дер кезінде жөндеу, тазалау жұмыстарын жүргізу, республика ішіндегі көшелердің құрылысын қарастыру, әсіресе көшелердің «тарлығын» қайта қарастыру, кей-жағдайда форс-мажор әрекеттер мен маневр жасаудың соңы адам өліміне әкелетін жағдайларды қарастыру, жолдарды қарау-бақылау техникалық құралдармен қамтамасыз ету, көшелерді жарықтандыру мен жол белгілерінің айқындығын қадағалауды, жоғары қауіп көзін құрайтын көліктерде жылдамдықты тежейтін аппараттың орнатылуын қолға алу маңызды.

Б. ТОКБАЕВ,
Жаңаөзен қалалық сотының төрағасы
МАҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

«Заманың түлкі болса, тазы боп шал» дегендей, бүгінгі нарықтық экономика ақшаның адам өміріндегі рөлін ерекшелік қойды. Сондықтан болар, қазіргі іскер адамдар пайда табудың оңай жолын іздеуде және заңсыз кәсіпкерлік, салықтан жалтару сияқты әртүрлі қылмыс түрлерінің саны көбейіп келеді.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар ҚР Қылмыстық кодексінің 8-тарауында көрсетілген, олардың ішінде қазіргі таңда қоғамда жиі орын алатындары: заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет (214-бап) істері бойынша жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау (216-бап), қаржылық пирамиданы құру және оған басшылық ету (217-бап), ұйымдарға салынатын салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару (245-бап) жиі кездеседі.

Экономикалық қылмыстар көп салалы нормаларды қамтиды. Мысалы, заңсыз кәсіпкерлік туралы қылмыстық істерді қараған кезде алдымен кәсіпкерлік ұғымын анықтау үшін бірнеше саладағы заң нормаларын зерделеу қажет болады.

Азаматтық кодекстің 10-бабының 1-тармағына және Кәсіпкерлік кодексінің 2-бабының 1-тармағына сәйкес азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлкіті пайдалану, тауарларды өндіру, сату жұмыстарын орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жекеменшік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген дербес, бастамашыл қызметі – кәсіпкерлік.

Кәсіпкерлік кодекстің 35-бабының 2-тармағына сәйкес жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде тіркелуге міндетті, бірақ ол тіркелмеген және бұл іс-әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірген не ірі мөлшерде кіріс алумен немесе акцизделетін тауарларды едәуір мөлшерде өндірумен, сақтаумен, тасымалдаумен не

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАР АРТТЫ



С. ТАШИМБАЕВ,
Ақтөбе қаласы
№2 сотының судьясы

өткізумен ұштасқан жағдайларда тіркеу белгісінің болмауы бойынша заңсыз кәсіпкерлік үшін қылмыстық жауаптылық басталады.

Алайда, Салық кодексінің 774-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар дара кәсіпкерлер ретінде тіркелуге жатпайды, сондықтан олар Қылмыстық кодекстің 214-бабына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

Адамның әрекеттерінде кәсіпкерлік, банктік және тағы басқа қызметті осындай қызмет үшін міндетті лицензиясыз не ҚР рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын бұза отырып жүзеге асыру белгілерінің болуы туралы мәселені шешу кезінде «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңда қызметтің немесе әрекеттердің (операциялар) түрлері айқындалғанын, оларды жүзеге асыру үшін рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі көрсетілгенін назарға алған жөн.

Хабарлама жасау тәртібі қызметті немесе әрекеттерді жүзеге асыру басталғанға дейін жеке немесе заңды тұлғаның осы тәртіп туралы хабарлама қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органды хабардар ету міндетіне негізделеді. Сондықтан рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі қызмет немесе іс-әрекеттер басталғанға дейін сақталуы тиіс, кейіннен рұқсатты алу немесе хабарламаны жүзеге асыру адамды ҚК-нің 214-бабы бойынша қылмыстық жа-

уаптылықтан босатпайды. Осы жерде ескеретін жайт, рұқсат беруші орган оларды беруді кешіктірсе немесе лицензияны және лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы талаптарын орындамаған жағдайда ҚК-нің 214-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

Экономикалық қылмыстардың келесі түрі ҚК-нің 216-бабының бірінші бөлігінде көзделген қылмыстық құқықбұзушылық, оның объективтік жағы азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірген мүлкіті пайда алу мақсатында нақты жұмыс жасамай, қызмет көрсетпестен, тауарларды тиіп-түсірместен шот-фактураны ресімдеу актілерін жасау болып танылады.

Сондықтан, істі қарау кезінде жеке кәсіпкерлік субъектісінің жұмыстарды іс жүзінде орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиіп-жөнелтпей шот-фактураларды жазып бергені нақты дәлелденуі және жеке кәсіпкерлік субъектісінің тиісті активтердің, ғимараттардың, көлік құралдарының меншік құқығында немесе жалға алу негізінде және басқа негіздермен, материалдық және еңбек ресурстарымен, оларсыз жұмыс істеу және қызмет көрсету мүмкін емес екендігінің дәлелдерін зерделеу жүргізілуі тиіс. Сондай-ақ, тауардың өндірілгенін немесе үшінші тұлғалардан сатып алынғанын, тауарды сатып алғаны және өткізгені үшін төлемақы жүргізу, тасымалдау шығындарын растайтын құжаттарды зерттеген жөн.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері ҚК-нің 216-бабында көзделген қылмыс субъектісі болып табылады, оларға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, қандастар, резидент емес, азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ мемлекеттік емес коммерциялық заңды тұлғаларды басқару функцияларын орындайтын адамдар жатады. Ал жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылмайтын және ҚК-нің 216-бабында көзделген әрекетті жасауға қатысқан адам тиісінше оны ұйымдастырушы, айдап салушы не көмектесуші ретінде қыл-

мыстық жауаптылыққа тартылады.

Бір тұлғаның бір контрагентке қатысты іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиіп-жөнелтпей бірнеше шот-фактура жазып беруі бірыңғай пиғылмен қамтылуға бір ниетпен жалғасатын қылмыстық құқық бұзушылық болып танылады.

Бірыңғай пиғылмен байланысты емес екі немесе одан да көп әрекеттерді жасаудағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бірнеше рет жасалған болып саналады және ҚК-нің 216-бабы екінші бөлігінің 1-тармағымен саралануға тиіс.

Бірнеше жалған шот-фактураларды әртүрлі контрагенттерге жазып берген және қылмыстық құдалау органы осы әрекеттермен бірге жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылық ретінде сараланған кезде, соттар кінәлі адамның әрекетінде бірыңғай пиғылдық болған-болмағанын тексеруі тиіс. Егер көрсетілген әрекеттердің жасалуы бірыңғай пиғылмен байланысты болмай және бірнеше ретті құраса, онда әрбір контрагентке қатысты залалдың сомасы ҚК-нің 3-бабының 38-тармағында көрсетілген мөлшерге жетпесе, сотталушының әрекеттері әкімшілік құқық бұзушылық ретінде саралануға жатады.

Экономикалық қызмет саласында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға жаза тағайындау кезінде бір-шама жеңілдіктер көрсетіледі.

Атап айтқанда, ҚК-нің 55-бабына сәйкес осы кодекстің 218, 218-1, 248 және 249-баптарында көзделгендерді қоспағанда, қылмыспен келтірілген мүлкітті залалды адам өз еркімен өтеген жағдайда, бас бостандығынан айыру тағайындалмайды. Сондай-ақ, бас бостандығынан айыруға сотталғанның өзінде олар жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде өтейді.

Қорыта айтқанда, экономикалық құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында бұл жеңілдіктерді бүгінде қайта қарау қажет деген пікір туындайды.

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан, осындай сиректердің қатарынан жұлдызы жарқырап, дара көрінген Жақып Ақбайұлының орны алаш жұртшылығы үшін аса бағалы, аса қадірлі болғанын баса айтуға тиіспіз. Салыстыру тұрғысынан айтсақ, бүкіл Кеңес Одағын билеген Ленин мен Сталиннің оқу-білімі гимназиядан аспаған. Ал алаштың көрнекті қайраткерлері Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбайұлы, Әлімхан Ермеков, Жаһанша, Халел Досмұхамедовтер Ресейдің ең үздік оқу орнын үздік бітірген оқымыстылар еді. Қазақстан ішінде оқыған Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжандардың білім деңгейі кімнің тақиясына тар келер?! Осы тұрғыдан сараптасақ, сол кезде қазақтарды шетінен қараңғы, نادан, білімсіз қылып көрсеткен, екі-ақ пайызы білімді деп ақпарат таратқан кеңестік саяси идеологияның қандай қиырқы, жымсықы мақсат көздегенін жазбай тануға болар еді.

Заңгерлік дипломы қолына тиісімен Жақып Ақбайұлы еңбек жолын 1903–1905 жылдар аралығында Омбы сот палатасының округтік сотында қызмет етуден бастады. Және жоғарыдағы сөзіміздің дәлеліндей, бірден күрескерлік бағытқа түсіп, саяси қоғамдық ахуалдың қыр-сырын жақсы ұғып-түсінген, патшалық биліктің әділетсіздігін, империялық үстемдік мүддесін толық аңдаған, оған қарсы қандай бағыт жолын ұстануды сезінген, соған орай, дайын күрескерлігін аңғартқан еді. Олай дейтініміз, Жақып көп ұзамай, 1905–1907 жылдары Омбы, Петропавл, Семей, Павлодар, Баянауыл, Қарқаралы қалаларында өткен патшалық билік саясатына қарсы наразылық шерулеріне қатысады, әрі алдыңғы лекте, ұйымдастырушылар қатарында белсеніп көзге түседі. Сол кездегі саяси ахуалды жақсы түсінген азамат ретінде, III Мемлекеттік Думаға сайлануға тырысқанымен, патшалық режим оны бұл мүмкіншілігінен айырады. Осының өзі Жақыптың саналы саяси ұстанымы билік маңындағылардың назарын ерте аударғанын аңдартардай. Сол кездерде, Омбы қаласында шығып тұрған «Степной край» газеті осы тұстағы ұлттардың басын қосып, біріктірудің қиындығы туралы жаза келіп, олардың заңдық-құқықтық жағынан қорғалуын қамтамасыз етуде заңгерлік қызметіне енді кіріскен жап-жас Жақып Ақбайұлының сауатты іс-әрекеттерін, соңынан ел ертер ұйымдастырушылық қабілетін баса көрсеткен. Оның айналасына саяси тұрғыдан бағыт беріп, сауатты күресу жолдарын көрсеткені туралы жазған. Міне, осы кезеңдерде тұтанып, қарқын ала бастаған Алаш қозғалысы үшін Жақыптың қандай маңызды рөл атқарғанына баспасөз арқылы қоғам, ортаның да көңіл бөліп, осылайша құлақтанып отырғанын көреміз. Бұл іс-әрекеттері Жақыптың жақсы атағын шығарып, көзі ашық, көкірегі ояу қазақ жастарын төңірегіне топтастыра түсті.

Дегенмен, Жақып Ақбайұлының саяси-қоғамдық қызметіндегі ең үлкен кесек қадамы 1905 жылғы патша атына жазылған әйгілі құзырхат /«Қарқаралы петициясы» деген атпен мәлім/ авторларының бірі болғанымен байланысты. Әрине, атақты «Қарқаралы құзырхатының» жазылуын жалғыз оның атымен байланыстыруға болмас, бұл құзырхат – Алаш партиясының көсемі Әлихан Бөкейхан бастаған барша алаштықтардың ұлттық әрі мемлекеттік ұстанымын айқындаған тарихи маңызы жоғары, күрделі оқиға. Мәселе, тіпті, патшалық үкіметтің бұл алаштықтардың үлкен талабы қойылған құзырхатты жауапсыз қалдыруында да емес. Құзырхаттың жауапсыз қалдырылуы – патша үкіметінің елемегенінің, ескерусіз қалдырғанының белгісі емес, керісінше, алаштың зиялы оқығандарынан сескеніп, аяғын тартқанын танытады. Өйткені, осы құзырхаттан кейінгі патшалық үкімет тарапынан жасалған қысым-әрекеттердің бәрі тек осындай түсінік тудырады. Құзырхат жазу арқылы алаштықтар шегінерге жол қалмағанын, елі мен жері үшін қандай құрбандыққа да баруға дайын екендіктерін айқын танытты. Міне, патшалықты шошытқан да олардың осы тәуекелге бел буған жанкешті шешімі еді.

Шындығында Жақып Ақбайұлы осы аса маңызды құзырхаттың басты авторларының бірі ғана емес, заң тұрғысынан негіздеп, бекемдеуші болғанын баса айту қажет. Демек, Жақып Ақбайұлының жоғары білімді заңгерлігінің, зерделі құқықтанушылығының Алаш партиясының тұғырын нығайтудағы рөлі аса

жоғары болғаны анық. Оның Алаш партиясының мүддесіне қажеттілігі – өзі жанындай сүйген туған ел-жұртына қажеттілігінің айқын белгісіндей еді. Сондықтан Алаш партиясының күрес жолында ғана емес, Жақып Ақбайұлын Алаш мүддесі жолындағы жалынды күрескер, нағыз ұлт қайраткері ретінде танытқан Қарқаралы петициясының маңызына кеңірек тоқталған жөн.

Тарихта «Қарқаралы петициясы» деген атпен танымал болған бұл құжат сол кездері қазақ даласында тұрақты түрде өтіп жататын әйгілі Қоянды жәрмеңкесінде бас қосқан Семей, Ақмола облыстары қазақтарының ұйғарымымен жазылып, патшалық үкіметке жолдануға шешім қабылданған екен. Әрине, негізгі ұйытқы болған ұйымдастырушылары алаш зиялылары болып, олар құзырхат мәтінімен жиналған қауымды таныс-



тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылады. Одан тағы да Якутияға айдалайын деп тұрған жерінен, 1917 жылы әйгілі ақпан төңкерісі басталып, құтылып кетуіне себеп болады. Бірақ, уақытша үкімет те алаштықтарға азу тісін көрсетіп, Ж.Ақбайұлы осы жылы, енді бұлардың айыптауымен үйреншікті болған Семей түрмесіне қайыра қамалған. Қарап отырып, жағанды ұстайсың, сол жалындаған жас шағымен сәйкес келген күрес жылдарында қуғын-сүргінге толы қудалаудан, түрмеден көз ашапты. Ең ғажабы осыншама қыастық оның жігерлі рухын сындыра алмаған, Жақып қайта құлшына түсіп, Алаш ісіне адалдығынан айнымай, белсенді қызметін жалғастыра берген. Оның үстіне, көп ұзамай, қуғын-сүргін саябыр тапқандай болып, алаштықтардың қызметі жандана бастағанда, Ж.Ақбайұлы да қызу

рекертері жаныңды шуаққа бөлейді.

Соншама уақыты мемлекеттік маңызды мәселелердің басында бола тұрып, жарғақ құлағы жастыққа тимей, алашының қамын жеп жүрсе де, ол отбасына, ағайын-туысына қайырымды болған. Оның өмірбаянының аса қызықтыраған бір тұсы Ж.Ақбайұлының жары Гүлбағар Бекметоваға байланысты өріледі. Бұл Гүлбағар бізге «Абай жолы» арқылы, жалпы Абай айналасында есімі жиі аталатын, ұлы ақын мен әкесі Құнанбайлардың тығыз араласқан, Қарқаралыдағы үйіне келіп түсіп отырған, сол кездегі зиялы қауым арасында абырой-беделі зор, ауқатты татар саудагері Халиолла Бекметовтің (Қарқаралыда оның өтіп әлі сақталған) қызы екен. Екеуінің үйлену тарихы да қызықты. Әрине, атақты бай саудагердің ерке қызы Жақыптың ата-анасы келіп құдалық жайын сөйлескенде, әуелгіде мұрнын шүйіріп, менсінбесе керек. Кейінірек аса зиялы, биік мәдениетті, өзі сымдай тартылған сәбиетті, еуропаша әсем киінген Жақыпты көргенде есі кетіп, құлай ұнатып, бірден келісімін берген. Сол ыстық сүйіспеншілігінен деуіміз ке-

ЕЛ ЗАҢЫНЫҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАСҚАН АРДА АЗАМАТ

тырып, сол арада 16 мың адам (енді бір деректерде 12 мың адам) бұл құжатқа қол қойған екен. Құзырхатта ең басты талап ретінде жер, дін, шаруашылық, саяси теңдік пен рухани дербестік мәселесі қойылғанымен, мұнда назар аударарлық ауқымды талаптар кеңірек қозғалды. Оның ішіндегі басты маңыздыларына тоқтала кетсек, қазақ халқының байырғы атақонысын, жер иеліктерін өз мұрагерлеріне қайтарумен бірге, қазақтың тарихи атауын қалпына келтіру, іс қағаздарын ел аумағында қазақ тілінде жүргізу, сайлауды әділ өткізу, қазақ депутаттарының құқығын қайта қарау, олардың Мемлекеттік Думаға сайлануына мүмкіндік тудыру, сотта, тергеу ісінде қиянатқа жол бермеу, шоқындыру, орыстандыру саясатына тыйым салу, ұлттық басылымдар ашу, қазақ даласында ашылған немесе табылған қазба байлығының өз меншігінде қалуы, ол жерлерде салынған заводтардың жергілікті халық иелігінде қалуы сияқты көптеген аса маңызды талаптар енгізілген. Құзырхаттың аса сауатты, зерделі қолдан шыққандығы, заңнамалық тұғырының беріктігі, елдік талап-мүдделердің өткір қойылғандығы айқын аңғарылады. Міне, осы тұстан Жақып Ақбайұлындай білікті, зерделі заңгердің, сұңғыла құқықтанушының қолтаңбасын деп басып тануға болатыны сөзсіз.

Қарқаралы құзырхатына патшалық үкімет ресми жариялау түрде жауап қайтармағанымен, мемлекеттік тұрғыдан берілген, заңдастырылған бұл маңызды құжатты елеусіз қалдыруға шарасы болмады. Осы құжат дүмпуінің нәтижесінде 1905 жылы 17 қазанда патша манифесі жарияланды. Мұнда құзырхаттағы талаптарға орай, халыққа біршама еркіндік берілді. Дегенмен, бұл халық наразылығы күшейіп кете ме деген сақтықпен жасалған, алаштықтардың негізгі талабынан әлдеқайда алыс жатқан, әшейін жұрттың бетін қайтарып, алдаусыратқандай әрекет екенін алаш қайраткерлері жақсы түсінді. Мәселенің мән-жайын айқындай түсейік. Өз талаптарына сай жауап ала алмаған алаштықтар осымен қарап қалмасы анық еді. 1905 жылы 15-16 қарашада Қарқаралы қаласында өткен Алаш қозғалысының үлкен басқосуында да үкіметтің қарапайым халыққа жасап отырған қыастығы, теріс әрекеттері әшкерелініп, ендігі мақсат айқындалды. Қазақ ішіндегі толқу, ақыр аяғы Қарқаралы-Қоянды құзырхатының жазылуымен жалғасқан наразылықтар ел шегінен асып, Ресейдің өз жұрты арасында да дүрбелең тудырды. Мысалы, Ресейдің Нижний Новгород қаласында бүкілресейлік мұсылман жұртының жиыны өтті. Демек, қазақ елінің бұл талаптары олардың да көкейінде жүрген мәселелерге қозғау салған. Осы жиілеп кеткен дүмпулерден сескенген болуы керек, патша үкіметі бұл наразылықтардың кейбір талаптарын орындай бастады, баспасөз бостандығын беріп, жер-жерде әр халық тілінде басылымдар ашылып, мектептерде ана тілінде оқуға рұқсат беріле бастады.

Сол 1905 жылдың қарашасында

Мәскеуде өткен жиында Ә.Бөкейхан баяндама жасап, құзырхатта көрсетілген мәселелерді қайта көтерді. Осы үлкен саяси ауытқушылықтар басылып, отаршылдық тепкісін қатты сезінген қазақ даласына серпін беріп, демократия лебі соққандай болды. Осы құзырхаттағы қатаң қойылған талап нәтижесінде Ресей Мемлекеттік Думаға Ә.Бөкейхан, А.Бірімжанов, М.Тынышбаевтар сайланып, дала жұртының дауысы биік мінбелерден естіле бастады. Осының өзі, ұға білсек, аз нәтиже емес еді. Кей-кейде, алаш зиялылары түк бітірмегендей, дүниеге жарқ етіп келіп, лезде сөнгендей, біржақты трагедиялы тұлғалар тұрғысынан көруіміз дұрыс емес. Олар ғасырлар тоғысында атқарылатын ұлы істерді тындырды. Кеңес дәуірінде, көбінесе, революционер-большевиктерге танылып келген мемлекеттік маңызы жоғары жасампаз істер осы аз ғана уақыт аралығында алаштықтар қолымен атқарылғанын кейінірек

жұмыстың қақ ортасынан табылып, ұйымдастырушылар қатарында жүреді. Ол 1917 жылы Семей қаласында Алаш партиясы құрылатын I жалпықазақ сиезінің, әрі қарай Алаш автономиясы жарияланатын II сиезінің де ұйымдастыру және өткізу жұмысына белсене араласады. Алашорда үкіметі Ұлттық кеңесінің мүшесі болып сайланады. Бұл деректердің барлығы да оның қазақ елі үшін орнының аса мәртебелі болғанын айғақтайды.

Олай деп отырғанымыз, Жақып Ақбайұлы осыншама қауіп-қатерден аман-есен өте жүріп, халқына біраз жыл қызмет еткен. 1917–1927 жылдары ол алаш зиялылары қалың топтасқан Семей өңірінде жауапты қызметтер атқарады. Ал 1927–1928 жылдары Сырдария округтік адвокаттар алқасының мүшесі болады. Әрине, осы жылдар ол үшін тып-тыныш өтті десек, қателесеміз. О бастан басынан қиқу кетпеген, қара бұлт айықпаған Ж.Ақбайұлына 1929 жылы

рек шығар, кейінірек күйеуінің «отыз атты, қырық жаяу» қалың ағайыны, бала-шаға келіп, басып жатқанда, қабағын шытпай қарсы алып отырған. Ол уақыттағы ел жағдайы белгілі, әсіресе, балалардың ауруы көп, ағайын қиналғанда орталықтағы беделді туысын жағалайтыны белгілі. Соларды ескерген Жақып Ресей жағынан қызмет бабымен оралып келе жатқанда, қымбат дәрі-дәрмектер сатып ала келіп, әйеліне үйіндегі ауырып келген ел балаларына емдом жасатады екен. Ауыл баласында қайбір тазалық болсын, аурушандығының үстіне кір-қожаалақ. Жары оларды ең алдымен шомылдырып, тазартып алып, емдейді екен. Осыны сырттай бақылап отырған Жақып: «Әй, Киікбай балалары, (Киікбай арғы аталары болса керек) не армандарың бар, Бекметовтің қызына аяқтарыңды жуғыздым ғой!» деп балаша мәз болады дейді. Осындай мінез-құлқына қарап, ол үшін өмірдің ұсақ-түйек ештеңесі болмаған-ау дегендейсің.

Осы арада, бір маңызды мәселеге тоқтала кетуді парызым деп білемін. Жақып Ақбайұлы топырағының көптеген азаматымен сыйласып едім, солардың бірі ғана емес, бірегейі – жан досым, марқұм Балапан Әбеннов. Жақып Ақбайұлы десе досымның жанары ұшқындап, кеудесін мақтаныш сезімі кернеп кететін. Ұлы заңгер атанған Жақып атасындай атақты жерлесін, алаштың арысын қалай қастер тұтатынына көзім жеткен айтулы оқиға көз алдымнан кетпейді. Көп жылдардан кейінгі жылымық орнаған кезең туып, Жақып Ақбайұлының есімі жиі атала бастаған жылдарда, сол Балапан досым Қарағанды облысы бойынша, бірінші сот әкімшісі қызметін атқарды. Сол Балапан өзі бас болып, ұмытпасам, 2002 жылдың басында, Қарағанды қаласындағы Алалықтан көшесі бойындағы экономикалық соттың алдына Жақып Ақбайұлына ескерткіш орнатуға мұрындық болып еді. Өзім ол кезде Теміртау қалалық сотын басқаратынмын. Сірә, халықтың алаш ардағына деген шексіз махаббаты мен риясыз ықыласының белгісі деуіміз керек шығар, халық та көп жиналғаны есімде. Сондай-ақ, елімізге танымал көрнекті тұлғалар, әсіресе, Ж.Ақбайұлының ұрпақтары, қыздарының келуі – бұл тарихи оқиғаның маңызын асыра түскен. Дәл осы оқиға Балапан Зибатоллаұлының да үлкен азаматтық деңгейін танытып, Жақып Ақбайұлындай алаш перзентіне деген халық сүйіспеншілігінің ешқашан суымайтындығының бір ғажаып белгісіндей болып, жадымызда мәңгілік жатталып қалып еді-ау!

Жақып Ақбайұлының осыншалық халқына ыстық, қастерлі әрі тарихи құрделі тұлғасынан, аласапыран, күзді күреспен өткен ғұмыр жолынан, Жұбан ақын айтқандай, «мың өліп, мың тірілген», ұлтын жан-тәнімен сүйіп, жолында жанын қиюға дайын болған алаш арысының шынайы бейнесін көреміз.

Досқан ӘМІР,
ҚР Жоғарғы Сотының
судьясы

Шындығында Жақып Ақбайұлы осы аса маңызды құзырхаттың басты авторларының бірі ғана емес, заң тұрғысынан негіздеп, бекемдеуші болғанын баса айту қажет. Демек, Жақып Ақбайұлының жоғары білімді заңгерлігінің, зерделі құқықтанушылығының, Алаш партиясының тұғырын нығайтудағы рөлі аса жоғары болғаны анық. Оның Алаш партиясының мүддесіне қажеттілігі – өзі жанындай сүйген туған ел-жұртына қажеттілігінің, айқын белгісіндей еді.

ажыратып, тани бастағанымызды мойындауымыз керек.

Осыдан кейін алаш зиялыларының басына күн өткен сайын қара бұлт үйіріліп, төзіп келе жатқаны айқын еді. Көп ұзамай патшалық саясатқа қарсы белсенділік танытқандардың бастылары қатарында Жақып Ақбайұлы аталып, патшаның жергілікті әкімшілігінің «Үкімет заңдарын халыққа теріс түсіндірген заңгер», «Уездік ұлықтар мен болыстардың қызметіне халықтың қарсы қоятын элемент» деген айыптаулармен оны 1906 жылы 11 қаңтарда тұтқындап, Семей түрмесіне жөнелтеді. Міне, қайран ердің халқы үшін қызметі қалай оттай қызу қарқынмен басталса, сол сәттен бастап, көп ұзамай-ақ, жалақор үкімет те соңынан шырақ алып түсіп, қудалап, әу бастан әр қадамын есептеп, сүзгіден өткізіп отырыпты. Аз уақыт бостандыққа шыға қалып, іле Жетісу облысы, Қапал уезіне жер аударылады. Үкімет мүмкіндігінше алаштық белсенді ұйымдастырушыларының бас қосып, бірігуінен сақтанып, қасақана айырып, араларын алыстатып отырған. Одан Семейге оралып, қаладағы округтік сотта қызмет атқарып жүрген жерінен «Патша үкіметінің саясатына қарсы іс-әрекет жүргізді» деген айыппен тұтқындалып, 1908 жылы Якутияға, одан 1910 жылы Тобыл қаласына жер аударылады. 1910–1912 жылдар аралығында Троицк қаласында айдауда жүріп, босап шыққан соң, Қарқаралы қаласына оралады. 1915 жылы қайта

жалған жала жабылып, ұсталып, көп ұзамай, Воронежге жер аударылады. 1934 жылы Алматы қаласында өмірден өтеді.

Біз жалындап өткен ғұмырға басымызды иіп, тағзым етеміз. Жақып Ақбайұлы өзі заңгер, құқықтанушы болғандықтан, әрине, осы саланың Қазақстанда өркендеп, қанат жаюына күш салған. Қазақтың әдет-ғұрып заңдары, отбасылық, неке құқығы туралы еңбектерін жариялаған, атап айтсақ, «Қазақстандағы семья-неке қарым-қатынастары», «Қазақтың шығу тегі туралы» деген көрнекті зерттеу еңбегін жазған. Жалпы, қазақтың өзекті мәселелері туралы мақалалары «Айқап» журналында, сол кездегі басылымдарда жиі жарыққа шыққан. Абай елімен іргелес өскен Жақып ұлы ақынның өлеңдерін бала кезінен жаттап, құнарны бойлап, ой-өрісін кеңейткен, өмір жолында рухани азық еткен. Соның әсері тиген Жақып 1909 жылы Санкт-Петербургте ұлы ақынның жинағының шығуына атсалысып, еңбек сіңірген. Оның Мұхтар Әуезовпен етене жақын араласып, достық қарым-қатынаста болуына да осы абайшыл рухани үндестігінің ықпалы тиді.

Жақып Ақбайұлы туралы тағылымды зерттеулерімен көзге түскен заң ғылымының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры Н.Дулатбектің байыптама-зерттеулеріндегі Ж.Ақбайұлының адамгершілік асыл қасиеттері туралы қызығалықты де-

КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІГЕ ДЕ, ЖАЯУ ЖОЛАУШЫҒА ДА ТӘРТІП ОРТАҚ

Кей жағдайда жаяу жүргіншілер тарапынан да жол ережелері бұзылып, өз өмірлеріне қауіп төніп жатады. Полиция қызметкерлері осы мәселеге қатысты дабыл қағып, жаяу жүргіншілерге жолда өз өмірлері үшін жауапты болуды ескертеді, тәртіпке бағынбайтын жүргіншілерге әртүрлі дәрежеде заңдық жауапкершілік көзделетінін де айтып жүр.



Әкімшілік заңнамаға сәйкес, жол ережесін бұзып, жаяу жүргіншілер жолымен өтпесе жүргіншіге 5 АЕК айыппұл салынады. Бұл – 11 345 теңге. Аталған жағдай екінші рет қайталанса, 20 АЕК-ке дейін барады, ал тағы да қайталанса 3 тәулікке қамауға алынады.

Осындай қауіпсіздік шараларын ескертудің арқасында бүгінгі таңда жаяу жүргіншілердің салдарынан орын алатын құқықбұзушылықтың саны Түркістан облысында біршама төмендеген. Дәл қазіргі уақытта облыстың ЖОО, колледждер мен мектептер алдында арнайы «полиция қоғамдық көмекшісі» деген жазуы бар арнайы жилет және төсбелгі таққан полиция қызметкерінің көмекшілері тәртіп сақшыларымен бірлесіп жұмыс жасап жатыр.

Түркістан облысында жолда жүру ережелерін сақтау барысында кептеген шаралар жүргізіліп жатыр. Түркістан облысы полиция департаменті жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар қабылданған. Сондай-ақ, автожолдардағы авариялық жағдайды сауықтыру мақсатында қолда бар күштер мен құралдар барлық жерде жұмылдырылған.

«Жол-көлік оқиғасыз бір ай»

Талдау негізінде жол-көлік оқиғалары жиі орын алатын аумақтарда жеке құрамның қатысуымен тұрақты түрде «нүктелік» профилактикалық шаралары жүргізілді. Жыл басынан бері осындай шаралар 16 ауданда 41 рет атқарылды, сондай-ақ ағымдағы жылы бір ай бойы облыс көлемінде «Жол-көлік оқиғасыз бір ай» атты іс-шарасы өтті. Іс-шара барысында тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Тәулік сайын құқықтық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қызмет атқару үшін 350-ден астам полиция қызметкері аталған шараға қатысып, облыс тұрғындарының жол ережесін бұзбауын қадағалады. Сонымен қатар, көлік жүргізушілеріне де жол

ережесін сақтап адам өміріне қауіп төндірмеу қажеттігі айтылды. Тағы бір маңызды мәселе, сомакат, велосипед жүргізушілерінің абайсыздығының салдарынан орын алатын апаттар да назарға алынды.

Бақылау камералары көбейді

Жол-көлік оқиғаларына тікелей әсер ететін автоматты жылдамдықты өлшегіш кешендерінің саны 138-ден 203-ке дейін көбейтілді. «Сергек», «Трафик-сканер», «Кордон Про», «Скат-ПП», «Мерген» және «Зерек-2» арқылы 389 968 бұзушылық тіркелді. Ағымдағы жылдың тамыз айында 54 «Мерген» кешені орнатылды, сондай-ақ биылғы жылдың соңына дейін тағы 117 кешен орнату жоспарланған.

Ақылы жолдарда көлік құралдарын тіркеуді жүзеге асыратын «Қазавтожол» АҚ камераларына жылдамдық өлшегіш режимі қосылды, облыста республикалық маңызы бар жолдарда барлығы 11 Арка кешені, «Зерек-2» камералары үстіміздегі жылдың 25 тамызынан бастап іске қосылды, осы екі жарым айдың ішінде 13 493 жол ережесін бұзушылық әрекеті тіркелген. Патрульдік полиция қызметкерлері электрондық планшеттерінде «Қорғу-қауіпті жүргізуші!» мобильдік қосымшасын қолдануда. 2023 жылдың 9 айында 1 004 автокөлік айып тұраққа қойылды, оның ішінде 6 көлік жалған мемлекеттік нөмірлермен, 86 көлік иесінің құжатсыз көлік басқарғаны анықталған. Жол қауіпсіздігі саласы бойынша 509 814 құқықбұзушылық анықталып, 6 млрд 875 млн 145 мың теңгеге айыппұл салынды. Оның ішінде 5 млрд 286 млн 129 мың теңге немесе 76,9% өндірілді.

«Назар аударыңыз, балалар!»

Жыл басынан бері автожолдарға 2747 тексеру жүргізілді, 2729 ұйғарым жасалып, нәтижесінде 712 бірлік белгінің ескіргені анықталып, ауыстырылды. 3953 бірлік жол белгілері орнатылды. Сонымен қатар білім беру

мекемелерінің жанында 148 бірлік «Назар аударыңыз, балалар!», 1315 шаршы метр жасанды кедергілер, 21 км жасанды жарықтандыруға, сондай-ақ 37,4 км жаяу жүргіншілер тротуарлары салынды. Республикалық маңызы бар жолдарда жануарлармен соқтығысуды болдырмау үшін өткен жылдан бастап тосқауыл қоршаулары орнатыла бастады. Мұндай қоршаулар Жамбыл облысының шекарасынан Шымкент қаласына дейінгі, одан әрі Сарыағаш ауданына дейінгі 52 км, Бәйдібектен Созақ ауданына дейінгі 5 км жол учаскелерінде орнатылды, сондай-ақ жыл соңына дейін Шымкент қаласынан Түркістанға дейінгі 21,4 км автожолдың жекелеген учаскелерінде тосқауылдар орнату жоспарланған.

Мал айдау және жаю орындарында ауыл шаруашылығы жануарларының мақеттерін орнату бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда, аудандарда 46 макет орнатылды. 2022 жылдың 14 қазанында облыс әкімі бекіткен 2022–2023 жылдарға арналған жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша жол картасы, яғни штат санын ұлғайту, бейнекамераларды кеңейту, патрульдік автомобильдерде орнатылған ҰҰА, мобильді кешендерді сатып алу, көше-жол желісін жақсарту, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, мектептерде ЖҚЕ білімі бойынша сабақтар шеңберінде іс-шаралар іске қосылған.

Мәселен, биылғы жылдың 1 мамырында қала, аудандық орган басшылары мен учаскелік полиция инспекторларының халық алдындағы еселік кездесулері кезінде жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жол қауіпсіздігі ережелерінің сақталу мәселесі бойынша бейнероликтерді көрсету арқылы 1634 түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бүгінгі таңда «жол қауіпсіздігін қалай күшейту керек», «полиция қызметкерлері көрсететін автоматтандырылған мемлекеттік қызметтер», «Мектептердегі Қауіпсіздік», «Жол-көлік оқиғалары неге жиілеп кетті», «Түркістан қаласындағы жолдардағы қауіпсіздік» тақырыптарында 5 бағдарлама өткізілді. Қазіргі таңда жол-қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында профилактика-



тикалық шаралар өз жалғасын табуда және департамент басшылығының қатаң бақылауына алынған.

Пилоттық жоба іске қосылды

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол қозғалысы ережелерін сақтау, сондай-ақ оқу орындарының жанында құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында Кентау қаласы полициялерінің бастамасымен пилоттық жоба іске қосылды. Яғни, аталған жоба аясында жаяу жүргіншілер өткелдеріндегі кезекшілікті ювеналды полиция инспекторларымен бірге қоғамдық көмекшілер жүзеге асыратын болады. Кентау қалалық полиция бөлімі бастығының орынбасары полиция подполковнигі Бағлан Янкин осы пилоттық жобаны іске қосуға атсалысты. Осындай жобаның іске қосылуының арқасында Түркістан облысында жаяу жүргіншілердің абайсыз әрекетінен орын алатын құқықбұзушылық саны біршама азайды.

– Кентау қалалық полиция бөлімі әкімдікпен бірлесіп және қалалық мәслихаттың шешімі бойынша қала аумағында орналасқан 23 жалпы білім беретін мектеп, 4 колледж бен 1 университет маңында оқушылар мен студенттердің жолдан қауіпсіз өтуін қадағалап тұратын қоғамдық көмек-

шілерді бірлесіп жұмыс жасауға жұмылдырдық. Жұмыссыздыққа тіркелген 41 адам осы жолақтан студенттер мен оқушыларды өткізуге көмектесіп тұрады. Атап айтар болсақ қырықтан аса жұмыссыз жұмысқа орналасып өз отбасын асырауда. Ал, ата-аналар балаларының жолдан өтуіне алаңдамайды. Олардың міндетіне оқушылардың жол арқылы танертен, түскі уақытта және кешкі уақытта қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету, оқу орындарының аумағында құқық бұзушылықтарға жол бермеу және профилактикалық іс-шараларды өткізуге қатысу кіреді, – деді Кентау қаласы Полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары Бағлан Янкин.

Кентау қаласы ПБ ювеналды полициялерімен бірге оқу орындарының 27 қоғамдық көмекшісі кезекшілік етеді. Олар «полиция қоғамдық көмекшісі» деген жазуы бар арнайы жилеттермен және төсбелгілермен қамтамасыз етілген. Янкин Жавдетұлының айтуына қарағанда мұндай жоба оқушылардың, жастардың жолдан және жаяу жүргіншілер жолағынан өту кезінде болатын апаттардан сақтап қалуға, қауіпсіз маршрутты таңдауға және жол қозғалысы ережелері туралы еске салуға көмектесетінін атап өтті.

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол қозғалысы ережелерін сақтау, сондай-ақ оқу орындарының жанында бұзушылықтарды болдырмау мақсатында Кентау қаласы полициялерінің бастамасымен «пилоттық жоба» іске қосылды. Яғни, аталған жоба аясында жаяу жүргіншілер өткелдеріндегі кезекшілікті ювеналды полиция инспекторларымен бірге қоғамдық көмекшілер жүзеге асыратын болады. Тәртіп сақшылары мұндай жоба оқушыларды, жастарды жолдан және жаяу жүргіншілер жолағынан өту кезінде болатын апаттардан сақтап қалуға, қауіпсіз маршрутты таңдауға және жол қозғалысы ережелері туралы еске салуға көмектесетінін атап өтті.

Раушан НАРБЕК ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІН АЯСЫ КЕҢ

Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабында көрсетілгендей, қылмыстық сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады.

Іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін іске қатысатын адамдарға ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктемелер және айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар келтіру, іс материалдарымен танысу, сотта сөз сөйлеу, белгіленген тәртіппен аудармашының қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын адамдарға істің олар үшін қажетті, басқа тілде жазылған материалдарын қылмыстық сот ісін жүргізу тіліне аудару тегін ұсынылады. Сот процесіне қатысатын адамдарға сотта айтылғандардың басқа тілде болған бөлігінің сот ісін жүргізу тіліне аудармасы өтеусіз қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдар процеске қатысушыларға сот ісін жүргізу тілінде табыс етілуге тиіс құжаттарды табыс етеді. Бұл ретте қылмыстық сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдар үшін құжаттардың сот ісін жүргізудің осы адамдар таңдаған тілінде жазылған, куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.

Зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің әрбір мемлекеттік қызметкері мемлекеттік тілді қадірлеп, мәртебесін көтеруге өз үлесін қосуы қажет.

Бибігүл ДЕМЕНОВА, Ақтау қаласы мамандандырылған тергеу сотының сот әкімшісі

Сыбайлас жемқорлық – бұл қызметтік жағдайды теріс пайдалану немесе жеке тұлғаның өзінің пайдасы үшін қоғамның және мемлекеттің заңды мүдделеріне қарсы өзінің лауазымдық өкілеттігін заңсыз пайдалану. Пайда көру пара алу және ақшаны ұрлаудан бастап, достарға және туыстарға заңсыз көмек көрсетуге дейін әртүрлі түрде көрінеді. Заңнамалық анықтамала сыбайлас жемқорлықтың ең көп таралған формалары – пара беру және алу, билікті асыра пайдалану, коммерциялық парақорлық жиі кездеседі.

Сыбайлас жемқорлықтың қазіргі заманғы көріну түрлері оған қарсы күресті одан да қиындатады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың негізі тек қана нақты бақылау мен жазалау ғана емес, сонымен бірге сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған жүйелі тәсілде де болуы керек. Бұл кеселдің әлеуметтік құбылысы екені әу бастан-ақ белгілі.

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін ұдайы айтып келеді. Түпкі мақсат – сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыру. Сондықтан заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖАЗА ҚАТАЛ

Парасатты қоғамда сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік әрбір адамның ішкі нанымна, ойлауы мен мінез-құлқының негізіне айналады. Ал парасаттылық жүйесін қалыптастыру кезінде мемлекет пен азаматтардың серіктестігі, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда күш-жігерін біріктіру, қоғамның осы жұмысқа барынша тартылуын қамтамасыз ету түпкілікті маңызды рөл атқарады. Аталған тәсіл қоғамдық бақылауды іске асыру тетіктерін кеңейтуді көздейді, ол қоғамдық кеңестердің қызметімен ғана шектелмейтін.

Сонымен қатар, азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылының басқа да практикалық тетіктерін және ең алдымен, мемлекеттік аппарат жұмысының сапасы мен қызметінің айқындығын арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сияқты бағыттар бойынша заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету қажет. Жұртшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы рөлін күшейту және қоғамдық бақылауды кеңінен қамтамасыз ету қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыруды талап етеді. Мұнда жас ұрпақты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол беруге мүмкіндік бермейтін жаңа көзқараспен және өмірлік қағидаттармен өсіру шешуші рөл атқарады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы судьяларының VIII съезінде жасаған баяндамасында сот төрелігінің әділ және заңды жүзеге асырылуына мемлекет те, бүкіл қоғам да

мүдделі екенін атап өтіп, алға қойған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін бірқатар басымдықтарды айқындады. Сонымен қатар, адам құқықтары мен заң үстемдігін қамтамасыз етуді бірінші міндет ретінде атап көрсетті. Әділ сот төрелігі және азаматтардың сот билігіне деген сенімін арттыру міндетті шарт болу керек екені, сондай-ақ кәсіби судьялар корпусы барынша сот реформаларының шешуші факторы екеніне баса назар аударды. Барша міндеттерді тиімді шешу арқылы сот жүйесіндегі оң өзгерістерге қол жеткізуге болатынын және азаматтардың сотқа деген сенімі арта түсетінін атап өтті.

Осындай сот саласындағы ауқымды реформалардың нәтижесінде Сот мәжілісі залдары түгелдей дыбыс-бейнежазба құрылғыларымен жабдықталып, сот отырыстарында қолдану арқылы өткізілуге көшті. Сот ісін жүргізуде заманауи бағдарламалық өнімдер пайдаланылып, ақпараттық технологиялар арқылы халыққа көптеген ақпараттық қызметтер көрсетіліп, сот жүйесінің тиімділігін, қолжетімділігін және ашықтығын, азаматтардың сот жүйесіне деген сенімділігін одан әрі арттыруға қажетті жағдайлар жасалған. Осының барлығы сыбайлас жемқорлықтың жолын кесуге, қауіпті кеселдің алдын алуға мүмкіндік беріп отыр.

Жеңісбек ҚОҢЫРБАЕВ, Жалағаш аудандық сотының бас маманы-аға сот приставы ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемида» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zangazet@mail.ru

ӘРТҮРЛІ

10. «ESG Construction» ЖШС, БСН 980140004038, өзінің «ESG HOLDING» ЖШС-не, БСН 060340017134, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қонаев көшесі, 10, кеңсе 2713. Тел.: 87753137673.

11. «ESG HOLDING» ЖШС, БСН 060340017134, өзіне «ESG Construction» ЖШС-нің, БСН 980140004038, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қонаев көшесі, 10, кеңсе 2713. Тел.: 87753137673.

12. «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС өтелмеген мүлкікті сату бойынша аукциондар өткізеді. Өтетін орны: Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6. Өткізілетін күні: 10.10.2023 - 20.10.2023. Анықтамаға арналған телефон: +77753712969. Лиц. 01.21.0009Л

ТАРАТУ

2. «QSM Ekolog» (КьюЭсЭм Эколог) ЖШС (БСН 190640024808) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, «Өндіріс» тұрғын үй алабы, Ақсай көшесі, ғимарат 1.

3. «СТА-энерго» ЖШС (БСН 120340023192) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Алпамышев көшесі, 23.

4. «Samgau» ұлттық ғылыми орталығы ЖШС, БСН 150740024488 (Қазақстан, Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 42/10 үй, к1), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 112 үй. Тел.: 87011118645.

5. «Бизнес планета» ЖШС, БСН 060840013249, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, 1-шағын аудан, 23-құрылыс, пәтер 59, Тел.: +77771111800, +77783556815.

6. «Meat Master» ЖШС, БСН 181240003693, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 5 ықшамаудан, 6 үй, 64 пәтер. Тел.: 87715711111.

Қарағанды облысының Абай ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы ХАБАРЛАМА

2023 жылғы 2 қарашадағы Қарағанды облысы, Абай қаласы, Желіс даңғылы, 3 мекенжайы бойынша орналасқан Абай ауданы әкімдігі ғимаратының мәжіліс залында сағат 10:00-де шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша қайта байқау өтеді.

Қайта байқауға қатысу үшін өтінімдерді тіркеу және қабылдау Қарағанды облысы, Абай қаласы, Абай көшесі, 26 құрылым, (1-ші қабат, 10 кабинет) мекенжайы бойынша орналасқан «Абай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-не 2023 жылғы 18 қазаннан бастап 2023 жылғы 1 қараша сағат 17:00-ге дейін жүзеге асырылатын болады. Байқауға қатысуға өтінім, өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша, қағаз тасығышта қолма-қол не пошта арқылы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Жер учас. №	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы (алқаптардың құрамы мен түрлері, бонитет баллы)	Ауданы, (га)	Жалдық мерзім, (жыл)	Жер учаскелерінің орналасуы, кадастрлік нөмірі, ауылдық округтен арақашықтығы	Су қамтамасыз ету	Аймақтың ауыл-шаруашылық мамандануы
1	2	3	4	5	6	7
15	Талшынды, төлімі ерістік – 36,0054 га, жайылым – 0,4821 га, балл бонитеті – 19	36,4875	10	Қарағанды облысы, Абай ауданы, Құлаайғыр ауылдық округі	Қамтамасыз етілмеген	Өсімдік шаруашылығы
24	Талшынды, жайылым – 16,4550 га, басқа алқаптар (жолдар астында) – 0,045 га, балл бонитеті – 18	16,5000	10	Қарағанды облысы, Абай ауданы, Қарағанды ауылдық округі	Қамтамасыз етілмеген	Мал шаруашылығы
29	Талшынды, жайылым – 33,10 га, басқа алқаптар (жолдар астында) – 0,0764 га, балл бонитеті – 11	33,1764	10	Қарағанды облысы, Абай ауданы, Ильичевск ауылдық округі	Қамтамасыз етілмеген	Өсімдік шаруашылығы Мал шаруашылығы
30	Талшынды, жайылым – 44,5 га, басқа алқаптар (жолдар астында) – 0,5 га, балл бонитеті – 22	45,0000	10	Қарағанды облысы, Абай ауданы, Қарағанды ауылдық округі	Қамтамасыз етілмеген	Мал шаруашылығы
5	Талшынды, жайылым-231,0 га, ерістік-565,0 га, басқа жерлер – 4 га, бонитет баллы-19	800,0	10	Қарағанды облысы, Абай ауданы, Самарка ауылдық округі	Қамтамасыз етілмеген	Мал шаруашылығы Өсімдік шаруашылығы

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурста қатысуға өтінімде мыналар қамтылуы тиіс:
1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;
5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Байқауға хабарламада белгіленген мерзімнен кешіктірмей конкурста қатысуға өтінім рәсімдеген шетелдік заңды тұлғалардан, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан асатын заңды тұлғалардан басқа) белгіленген тәртіппен тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары және мемлекеттік емес заңды тұлғалар жіберіледі.

Конкурстық ұсыныста мыналар болуы тиіс:
бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл

шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфра құрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қартадағы № 7 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрінің № 19893 болып тіркелді) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынылады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және «электрондық үкімет» веб – порталы арқылы берілген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалар үшін-бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арфметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі Конкурс» және «_____ жылғы _____» дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпаратты Қарағанды облысы, Абай қаласы, Абай к., 26 құрылыс мекенжайы бойынша «Абай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінен алуға болады. Байланыс телефондары: 8(72131)41958 (факс), электрондық мекенжайы: abayarh@mail.ru.

7. «KAZGUU School.Qrg» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 230340019464, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Қорғалжын тасжолы, 8-ғимарат, пошта индексі 010000.

8. «УралСнабОборудование» ЖШС, БСН 100440001904, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Неусыпов көшесі, 22 үй, 68 пәтер.

13. «ТАЗА ЛОМБАРД» ЖШС, БСН 180340010191, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 4 үй, т.е. 12. Телефон: +77025556046.

14. «Ата-Булақ» ЖШС, БСН 220340026297, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды облысы, Абай ауданы, Ақбастау ауылы, Учетный квартал 034, құрылыс 29, индексі 100000, тел.: 87751341550.

15. «Дурдона» ЖШС, БСН 160440007706, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 130400, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, Базарлы көшесі, 311 үй.

16. «Лаборатория экспертизы условий труда» ЖШС, БСН 070540006425, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 130400, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, Базарлы көшесі, 311 үй.

17. «Marazyk Consult» ЖШС, БСН 181240021077, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050047, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Саялы» ықшамауданы, 25 үй, 10 пәтер, тел.: 87479491868.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zangazet@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.



ТЕЛЕФОН:
292 43 43, 8 708 929 9874



МҰРАГЕРЛІК

9. 15.05.2002 жылы қайтыс болған Қазақбаев Айдарбектің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

18. 4 мамыр 2023 жылы қайтыс болған азамат Днишева Касиеттің артынан мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарлауларын сұраймыз. Мекенжайы: Атырау қаласы, «Авангард-3» ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе.

Ақтөбе облысының судьялар қауымдастығы сот жүйесінің Еңбек сіңірген құрметті ардагері
Раиса Бекқызы ҚҰРМАНГАЛИЕВАНЫҢ
өмірден озуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, туысқандарына көңіл айтады.
Ақтөбе облыстық соты

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zangazet@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консултант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 8701268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вудай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

Жанәсіл торы атын қайта-қайта тебініп, Ақшоқының басына шыққанда күн арқан бойы көтерілген еді. Аз қалды деп ойлады жігіт. Шағын мотордың жағары бітіп, мылқау болғалы үшінші күн. Құдықтан шелекпен су тартып, жарыққа жарымай қалғандарына қарамастан, орталыққа барып, жермай әкелуге қолы тимеді. Қарақасқаның үйірін іздеп, бел талды-ау дегенде Тұзкөл маңынан әзер тауып, айдап әкелген. Енді, міне, бүгін таңнан торыны ерттеп келе жатқан беті. Орталық дегені екі киіз үйі, бірінде Әсет әйелімен тұрады, екіншісінде малшыларға керек заттар, таспа, жермай, киіз секілді заттар сақталады. Совхоз осы жерге жеткізіп, бірнеше ферманың осы маңда отырған шопандары керегіне қарай алып, көк дәптерге қол қойып кетеді. Қажетін қамтамасыз ететін осы екі үйдің неге орталық аталып кеткенін ешкім білмейді. Баяғыдан солай...

Әсет өзі құралпы, отызды орталап қалған, бір-екі жас үлкен болар, тек бұнымен құрдасындай қалжыңдасады. Ақжарқын жігіт. Келіншегі Айнұрдың да қолы ашық, үйге қонаққа келе қалса бұның Армантайын айналып-толғанып, тәттіге тойдырып, мәз етеді. Көп жыл сарыла күткен перзенті есіне түскенде Жанәсілді бір тәтті сезім қытықтап өтіп, қанжығадағы тоқ дорбаны қолымен бір сипап қойды. Келіншегінің салып бергені. Әсеттің екінші ұлы – Марат бұның Армантайын бір күнде туған, құдай қаласа, келер айда үшке толады. Қой сойып, сірне жасап, екі қуанышты бірге атасақ деген ойы бар еді, соған Әсеттерді шақыра кетпек. Маратжан жесін деп дорбаға құрт-май толтырған Қалима «Айтуды ұмытпа!» деп қайта-қайта тапсырған. Оның да сыры белгілі, Айнұр келсе біраз әңгіменің тиегін ағытып, шер тарқатып қалады. Жаз жайлау қыс қыстауда саяқ жүретін малшы әйелінің жағдайы белгілі, зерігеді ғой.

Бұл екі шоқының ортасында тұрған орталыққа жетіп, ет жаятын бақанға шылбыр байлағанда да жыбыр еткен жан байқалады. Әуіп еткен ит те жоқ. Малшылар келсе, абалап берекені алады деп шәуілдек ұстамайтын Әсеттің өзі еді.

– Ау, Әсеке, талтүске дейін ұйықтаймысың! – деп үй сыртынан дауыстаған. Тым-тырыс. Апырай, үйінде жоқ болып, ұзақ тосып қалмасам нетті, әдетте әйел-баласы болса да отырғызып, шаңырақты иесіз қалдырмаушы еді деген ой сумаң еткен. Үй алдына барып еді, есік бастырылмалты. Жанәсіл: «Ау, кім бар?» – деп қайыра дауыстап, есікті шалқасынан ашқан сәтте мұңкіген иіс қолқасын қапты. Алақанымен мұрнын баса қойды да, үйдің ішіне үңілген. Босаға алдында Әсет көлденең жатыр, жүзі аспанға қарап, көзі аларып кетіпті. Одан арыда Айнұр етбетінен құлаған екен. Жүрегі жамандық сезген Жанәсіл досын бас салған,

– Әсеке. Әсет!
Әсеттің денесі қатып қалыпты, кеуде тұсы қан-жоса, бауырынан аққан қан топыраққа сіңіп күреңітіп жатыр.

– Айнұр!
Жанәсіл төрге салынған төсек үстінде ішкөйлекшең жатқан, әлдекімнен құтылғысы келгендей кереге жарма-са жантаілім еткен, жайылған шашы күреңітіп ұйысқан келіншекті аударған. Қорқыныш торлаған жүзін қан жуып, тілі шығып кетіпті. Жанәсіл оны тастай бере манежға ұмтылды. Маратжан шалқасынан екен, көзі жұмулы. Бір қарағанда ұйықтап жатқан іспетті... тек өңі көкшіл тартыпты. Алақтап жан-жағына қарап еді, үлкен ұл Қанат көрінбеді. Ол қайда? Жігіт бақырып жіберген, басы айналып, көзі қарауытты. Далаға әзер сүйретіліп шығып, топырақ құша өкірді. Орнынан әзер тұрып еді жүрегі айныды, үй ішіндегі мәйіт иісі мұрнынан кетпей қойды. Сәл ес жиып, Жанәсіл сүріне-қабына атына жүгірген. Қолы дір-дір етіп, қанжығадағы жермайға арналған қанжыра әзер шешіп, анадайға атып жіберіп, екінші бастағы бауды тартып еді, то-

лық шешіле қоймады. Жігіттің оған қарар мұршасы жоқ, атына қарғып мініп, борбайлата қамшы басты. Он шақырым жердегі ауылға жетіп, хабар бермек. Орта ойрандап қаша жөнелген жамандықты қуып жеткісі келгендей торы да етекке қарай екілене шапты.

Жігіт ауылға хабар беріп, бір-екі қарияға ағайындарына естіртініздер деп табыстап, қайта кері шапқан. Ал, аудандық ішкі істер басқармасының жұмыс тобы жиналып, бір көлікке тиеліп келген-

де қас қарая бастаған еді. Ұзынқұлақ жеткізген болуы керек, ол уақытта жақын маңдағы малшылардың да біразы осы жерге келіп алған болатын. Тай-құнан мінген бес-алты бала да жүр. Қолына шағын шабадан ұстаған адамның үйге кіріп-шыққаны тез болды.

– Мәйіттердің осылай жатқанына кемі екі күн болған, – деді ол қара мұртты капитанның қасына келіп. – Еркекке оншақты рет пышақ салған, ал әйелді чем-то таяжылым... Баланы не тұншықтырған, не буындырған... анықтаймын ғой.

– Да?! Жақсы. Анықта, – әлгінің үйге кіріп, оқиға орнын қарар ойы жоқ.

– Не, сіз кіріп көрмейсіз бе? – деді Жанәсіл шыдамай.

– Керек адамдар көріп жатыр, сен немене қыстырылып тұрсың? – деді капитан бұған алара қарап. Аузынан арақ иісі бұрқ ете қалған. Бұлардың неге кешеуілдегені түсінікті болды.

– Енді мал емес қой...
– Слушай! – капитан саңқ еткен, мұрты едірейіп кетіпті. – Сен маған қалай жұмыс істеу керекін үйретпекпісің?

Бұл бірдеңе дегелі жатыр еді, ұзын бойлы жас лейтенант шынтағынан алып, былай ақетті.
– Ашуланбаңыз, аға! Бәрі дұрыс, қараймыз, – ол қойындәптері мен қаламын ыңғайлады. – Мәйіттерді тапқан, хабар берген сіз ғой, қалай таптыңыз, не үшін келіп едіңіз?

Жанәсіл лейтенанттың сұрағына түйіле жауап беріп отырды, көз алдынан манежде жатқан Марат кетпей қойған. Өздері бір жасына сыйлаған ағаш бесік енді сәбидің табыты болып жатыр. Жанәсіл сырғыған жасты тоқтата алмады.

Үй ішіне кіріп, көргенін, кімнің қалай жатқанын айтты, одан лейтенантқа ілесе сыртқа шығып, кішкентай қолшам жарығына қосыла үңіліп, маңды шолды. Екі-үш машинаның, адам, топырлаған ат тұяғының ізі. Лейтенант әр көргенін қағазына мұқият сызып, түртіп жүрді.

– Лейтенант!
Капитанның дауысы. Бұлар опергруппа басшысының жанына барған.

– Сен былай істе, осында жүрген малшылардың бәрінен түсінік ал. Әсіресе, мынаны жақсылап тексер, – капитан Жанәсілге саусағын кезеді. – Білем мен бұл конокрадтарды, өз бәлесін өзгеге жапқанға шебер.

Жанәсіл шамданып бірдеңе демек еді, лейтенант ақырын ғана қол қырымен тысқары итерді.

– Ұқтың ба?! Ал маған ауданға бару керек, көлік апарып тастап, қайтып келеді. Давай, молодой, работай.

Капитан айтарым бітті дегендей маңғаз кейіппен шалт бұрылып, көлікке қарай кете барған. Тексеріп болдым, керекті анализдерді алдым, сурет те түсірдім деген сарапшы да соған жабыса кетті. Оны да түсінуге болады, маман жетіспеген соң өзі сарапшы, өзі фотограф. Әр оқиғаға барып, мұрнынан шаншылып жүреді.

Жанәсіл мен екі-үш ересек адам таң бозарғанға дейін лейтенанттың жанынан бір елі қалмады. Жас жігіт мұқият екен, жарықпен отырып әр көліктің ізінің бедерін салды, әр жылқының тұяғының таңбасына үңіліп жүр. Бір жазып тұрғанын байқап қалды: алдыңғы оң аяғының тағасы жоқ деп түртіп қойыпты.

– Бұл ана Қасен деген қойшының дөненінің ізі ғой, кеше ғана түскен, – деп сыбырлап еді, сызып тастады. Малшы ағайында бір қасиет бар, бөтен малды тұяғынан айыра береді және соған қарап қай беткейде қай күні жайылғанын топшылай алады. Жанәсіл бастаған малшы қауымының лейтенантқа көп көмегі тиді. Ал мәшине ізінде бұлардың шаруасы жоқ, жас лейтенант өзі бірдеңе етіп, оқып алар. Оның үстіне көлік көп те емес, жа-

сабырға шақырғандай болып. Содан Фабитке бұрылған. – Қалай?

Лейтенант иығын қиқаң еткізді. Капитан бұны иегімен меңзеп еді, Фабит басын шайқады.

– Түсінікті. Бұл – висяк. Тездетіп істі жап та, ана Меркедегі жоғалған бес қойдың мәселесімен айналыс...

Капитан қысқа әмір етіп, шығып кетті. Жанәсіл Фабитқа аңтарыла қараған:

МОЛАДАҒЫ МАНЕЖ



нармай әкеп тұратын көкқасқа, ары-бері өтетін, директор, ветбраштың тырылдақтары ғана.

Мәйіттерді әкететін көлік келгенде бұлар әбден шаршап еді. Тәулік бойы тыным таппаған Жанәсіл лейтенанттың қолын қысып тұрып: бар үміт өзіңде, інім. Мына қанішерді табу керек, – деген.

– Табамыз, аға, алаңдаманыз.
– Атың кім, бірдеңе біліп жатсам хабарын беремін?

– Лейтенант Нұрланов, – жас жігіт қысылып, күліп жіберді. – Фабитпін, аға.

– Жақсы, Фабит.
– Сау болыңыз.

Лейтенант екеуі бір аптадан соң, аудандық бөлімдегі тар кабинетте кездесті. Фабит бұны жылышырай қарсы алған.

– Қош келдіңіз, отырыңыз, – деп орындық ұсынды. – Сізді шақырған себебім өткендегі түсінігіңізді бір пысықтап алу керек болып тұр.

– Мақұл.
Бұның айтқан сөздерін енді тықылдақ машинкаға терді.

– Суыт жүрісті ешкімді көрмедіңіз бе?

– Жоқ.
– Таудағы жұрт бірдеңе байқаған шығар?

– Оны білмедім, інім, өзім осы оқиғадан соң үйден шықпадым, оңала алмай жүрмін... досым еді ғой... – Жанәсілдің дауысы дірілдеген. – Марат баламыз еді ғой...

Осы кезде есік шалқасынан ашылып, капитан кірген.

– А-а, конокрад, келген екенсің ғой, – деп бұған ежірейе қарады.

– Конокрад болып әкенің малын ұрлап па едім?

Жаны күйіп отырған Жанәсіл шырты ете түскен. Капитан түйіліп келіп көз алдына саусаған безеді:

– Тілі ұзын өзінің...
Жанәсіл жүзін тайдырмады.

– Ну, ну, – деді капитан өзін-өзі

– Жапқаны несі, жаным-ау, істі жапқаны қалай?

– Айғақ, дәлел жоқ, не қылмыс қаруы табылмады. Мәйіттер екі-үш күн жатып қалған, үй маңындағы ізді жұрт таптап тастаған. Сарапшының берген қағазы «пышақ салды, бірдеңемен ұрды» дегеннің төңірегінде. Ілік жөк, бір аптадан бері басым қатты, аға, – деді Фабит шаршаңқы түрмен.

– Сонда...
– Жо-жоқ, әзірге жаппаймын. – Фабит жымиып, есік жақты меңзеді.

– Сіз ол кісіге бекер ренжисіз, мінезі арсың-гүрсің болғанымен, жақсы адам. Жанәсіл тыржың етті. Фабит күлген.

– Марат неден қайтыпты? – бұл өзін қажаған сұрақты қойған.

– Асфикция, ауа жетпей тұншығып қалған.

– Қалай?
Фабит иығын қаусырды. Жанәсіл:

– Ең құрығанда сол құртақандай баланың неден өлгенін анықтамай істі қалай жаппақсындар...
Екеуі үнсіз қалды. Сәлден соң бұл тізесін арт еткізіп, орнынан тұрған.

– Мен де таза ауа жұтайын, – деп Фабит ілесе шықты. Есік алдында тұрып қалтасынан «Примасын» шығарған. Ұсынып еді, Фабит басын шайқады, шекпеймін дегені. Бұл сіріңкесін жағып, шылымын тұтатып, құшырлана бір-екі сорды.

– Былай етейік, аға, – Фабит бір шешімге келгендей кейіп танытты. – Мен ертеңге көлік сұрайын, қылмыс болған жерде кездесіп, екеуіміз тағы бір шолып шығайықшы...

– Е, бәсе...
Таудағы жұрттан бір сұрау алмай, аралап шықпай-ақ істі жаба сала ма, Әсеттің әулетін қырып салған қанішер жазасыз қала ма деген ой жанын жегідей жеп жүрген Жанәсіл қуанып кеткенін жасыра алмады.

– Жақын маңдағы қойшыларға хабар берейін бе?

– Қажет емес, әуелі өзім бір мұқият сүзіп шығайыншы... Одан кейін ара-

лармын. Екеуі қол алысып қоштасты.

Фабит ертеңіне тау ішіне брезент жаппасы бар уазикпен келді. Үй маңын басқызбайын дегендей алыстау тоқтаған. Рөлдегі месқарын, сержант шопыр әудем жерде тосып тұрған бұларға келіп амандасқанға ерініп, жолаушысын түсіре сала, менің жұмысым осы ғана дегендей рөлге сүйеніп, ұйқыға қріскен. Фабит папкасын құшақтаған күйі бұларға аяндай жақындады.

– Ассалаумағалейкүм.
– Уағалейкүм, – Жанәсіл бойы сорайған лейтенантты кәдімгідей ішартып қалып еді.

– Есенсіз бе? – деп Қалима бас ізеген. – Былай жүріңіз.

Олар екінші үйдің көлеңкесіне шағын дастарқан жайып қойып еді, тергеуші баланың қарны ашар, шөлдер деп Қалима түнде сүрден асып, шалап әзірлеген болатын. Фабит ыңғайсызданған.

– Таңнан жолға шығады, оразасын ашып үлгере ме екен деп мына жеңгеннің жаны қалмады. Аз ғана дәм ғой, ауыз ти, – деп Жанәсіл дастарқанға бастай берген. – Ана бала ше? – деп көлік жаққа мойын созып еді, есікті айқара ашып тастаған шопырдың қорылын сақ құлағы естіді. – Мейлі, ұйықтай берсін, шаршаған ғой.

Фабит жапырақтап тұралған еттен бір-екі асап, термостан құйылған шайдан бір шыны ғана ішті. Мына жерде ас батпасы анық, Жанәсілдің өзінде де тәбет жоқ. Лейтенант асығыс бет сипай:

– Рақмет, жеңеше. Іске кірісейік, аға, – деп орнынан көтерілді.

Фабит бірден үй маңын қайта қарай бастаған. Қаралы хабарға жиналған қауым, Әсеттің «ой, бауырымдап!» жеткен ағайыны айналыны біраз таптап-ақ тастаған екен. Ол сәтті Жанәсіл ешқашан ұмытпас. Түн ортасында жүк көлігіне тиеліп әзер жеткен шешесі, бауырлары дауыстап жоқтау айтып жатқанда қаршадай Қанат меңзең күйде сенделіп жүр еді. Шам жарығымен байқап қалған бұл, Қанатжан, деп бауырына тартқанда баланың сұрағаны «Жанәсіл аға, Марат қайда?» – болды. Әке-шешені емес, бауырды іздеген баланың дауысындағы үрей мен діріл жанын бордай езген Жанәсіл оны құшақтаған күйі ұзақ жылаған. Өзі ата-әжесіне кеткен аз уақытта ормандай жұрты тып-типыл болғанын бала жүрегі сезсе де, сене алмай, бұған ілесе жыламады. Жұқа алашаларға оралып, әкететін көлік келгенше іргеге қарай қойылған үш денені Қанатқа көрсетпек еді. Баланы біраз алдаусыратып, жүк көліктің кабинасына ұйықтаған болатын. Үзіліңген Қанат ауыр күрсініп, демі көзгергені қатты өкісінде жан-дүниесі тағы алай-түлей болды...

– Аға, өткенде сіз үйге тіреле тоқтаған көліктің ізін көріп пе едіңіз?

Әр тұсқа үңіліп, өзіне ғана аян бірдеңені іздеп жүрген Фабиттің сұрағы ойын сейілтті. Қанды күні есі кетіп, ауыр жағмадан ебіл-дәбілі шыққан Жанәсілде әр нәрсені түюге қайдан мұрша болсын.

– Байқамппын...
Қанша үңілсе де, ол ізді таба алмады. Өшіп кетіпті. Фабит қойын-дәптеріне үңіліп орталыққа әкелетін жолды кезді, салып алған суретіне бір, іздерге бір қарайды. Соңғы күндері біраз жеңіл көлік келіп, таптап тастаған жолдан көңілге демей болар ілмек таба алмағаны салыңқы қабағынан байқалады.

– Мүмкін ол ит атпен келген шығар? – Жанәсіл бұл сұрақты қойса да, өздігінен қуыстанды. Мал баққан ағайынның қайсысын мұндай қаныпезерлікке қиярсың.

– Мүмкін, мүмкін, – деп Фабит жерге үңіле берді. Бұның сөзін елемегеніне Жанәсіл іштей қуанған. Тергеуші шыр айнала қарап жүріп, отыз-қырық қадамдай жерде ақсөңке болып шашылып жатқан отынның арасынан бір ағашты тауып алды. Айналдыра қарап тұрып, бұны ымдап шақырған.

Серік ӘБИКЕНҰЛЫ
(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Батыс Қазақстан облысы	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zankreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5596 дана
Апталық таралым 11 192 дана
Тапсырыс №146 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31